# SARYARQA

12 naýryz
2021 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№10 (8222)



KÚN TÁRTІBІ — БАСПАНА БАҒАСЫ АСПАНДАП ТҰР — 2-бет

AINA — САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ — 3-бет

D I D A R — ЕШКІМ МАҚТАМАЙТЫН ЖІГІТ — 5-бет

TІRSHІLІK — ОТПЕН ОЙНАМА, БАЛАҚАЙ! — 7-бет


## ҚҰРМЕТ ТЕ, ҚОШЕМЕТ ТЕ – АНАҒА

***Қаланың қоғамдық өміріне белсене араласып жүрген нәзік жандылар мен алтын құрсақты аналар, ақ жаулықты әжелер ұлықталды. Олардың құрметіне Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде салтанатты шара ұйымдастырылды.***



– Біз жарқын мерекеде бала тәрбиесіндегі аналардан бастап, көптеген салаларда еңбек етіп, қаламыздың дамуына елеулі еңбек сіңіріп жүрген нәзік жандарға, асыл қазынамыз – апа-әжелерімізге шынайы, шексіз ықыласымызды білдіреміз. Бүгінде Жезқазған қаласында 700-ге жуық көп балалы аналар «Алтын алқа» және «Күміс алқамен» марапатталған. Тек білім беру ұйымдарында 2866 қыз-келіншек қызмет етсе, ақ халатты абзал жандардың 70% -ын құрайды, яғни 1700-ден асады. Сондай-ақ, аруларымыз өнер мен спорттың, ғылым мен саясаттың да шыңдарын бағындыруда. Отбасы институтын, көп балалы аналарды, кәсіпкер әйелдерді қолдау және гендерлік тепе-теңдікті қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың маңызды басымдығы болып табылады, – деп мерекелік құттықтауын арнаған қала әкімі Қайрат Әбсаттаров биылдан бастап көп балалы аналарға берілетін сыйлықақының көлемі екі есеге артқанын жеткізді.

Жиналған қауымға зор денсаулық, баянды бақыт, көтеріңкі көңіл-күй тілеген қала басшысы ел демографиясының дамуына үлес қосқан жезқазғандық аналардың кеудесіне «Күміс алқа» тақты. Өмірге алты бала әкеліп, оларды бағып-қаққан Зура Сатыбалдинаға, Нұргүл Утемисоваға, Майрагүл Лабакова мен Гүлмекен Сапиyановаға, Боранкүл Базилов мен Айсұлу Досмұхамбетоваға, Толкын Балқыбаеваға, Алина Нарижнаяға, Жансая Тұрғымбаева мен Айжан Шәріповаға құрмет көрсетілді. Сахна төріне көтерілген «Жезқазған қаласы әкімінің аппаратының азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Күләш Еркебұланова мен қалалық әкім аппаратының мемлекеттік қызметтер сапасын монторингтеу және ақпараттық технологияларды дамыту бөлімінің басшысы Ольга Мокееваның, сондай-ақ, қалалық мәслихаты аппаратының бас маманы – заңгері Айнагүл Дәулеткелдина мен Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлә Әлкебаеваның ұзақ жылғы табысты еңбегі Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен еленді. Бүгінгі таңда өрдірісте, мемлекеттік қызмет пен төтенше жағдайлар басқармасында, білім беру мен медицина саласында абыройлы еңбек етіп жүрген бір топ жерлесіміз Жезқазған қаласының Құрмет грамотасы мен Алғыс хатпен марапатталды.

Мерекелік концертке ұласқан шарада Т.Қалмағамбетов атындағы филармонияның әншілері ананың жылы алақанын әнге қосса, «Шалқыма», «Шашу» мен «Айла» би ансамбльдері мен өнер мектебінің скрипкашылары көпшілікті өнерімен тәнті етті. «Анаға хат» әнімен түйінделген салтанатты шарада мейірім мен жылылықтың бастауы саналатын батыр аналардың құшағы гүлге толды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

## «РУХЫ МЫҚТЫ ЕЛДІҢ ІРГЕСІ – БЕРІК»

***Жезқазған қаласының және Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, қоғам қайраткері Сағындық Үсенұлы ҚОЖАМСЕЙІТОВ 80 жасқа келіп отыр. Ол 1941 жылы 15 наурызда Ұлытау ауданының Кішітау ауылдық кеңесі аумағында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетін, Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Мамандығы – журналист. Еңбек жолын аудандық газет редакциясында бастап, ұзақ жылдар партия, кеңес органдарында жауапты қызметтер атқарды. Жезді аудандық, Сәтбаев қалалық партия комитеттерінің бөлім меңгерушісі, Жезқазған обкомы насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары, осы бөлімнің меңгерушісі, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. Кеңестер өкіметінің билігі таратылғаннан соң, еліміздің Тәуелсіздігі жылдарында облыстық кәсіптік-техникалық басқармасының, құжаттама және мұрағаттар басқармасының басшысы, 1996-2011 жылдары Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің директоры сияқты басшылық жолдардан өтті. Сонымен қатар, шығармашылықпен айналысып, Тәуелсіздік тұғырын нығайту, елдің рухы мен тіліміздің мәртебесін көтеру тұрғысында очерктер мен талдау мақалаларын жазды. Ең алғаш 1966 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Қанаттас қалалар» жинағына «Мыс магниткасы» зерттеу мақаласы енген болатын. Содан бергі жылдарда баспадан сегіз кітабы жарық көрді. Аймақтағы қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысты. С.Қожамсейітов жоғары білімді, халықтың көркемөнер шығармашылығы мен мәдениетті дамыту, тарихи ескерткіштерді қорғау және өңір тарихын зерттеу бағыттарындағы өзекті жобаларды жүзеге асыруға ұйтқы болып, өз үлесін қосты. Үздік өлкетанушы атанды. КСРО-ның «Құрмет Белгісі» және Қазақстан Республикасының «Құрмет» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Оның есімі «Дәуір» баспасынан 2004 жылы шыққан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар, білім мен мәдениет саласының тұлғалары туралы «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» атты кітапқа енгізілген. Ардагер ақсақал қалалық қоғамдық кеңестің төрағасы ретінде қазірдің өзінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты мәселелердің шешім табуына жіті араласып, оңтайлы ұсынысын білдіріп отырады. Сексеннің сеңгіріне қадам басып отырған Сағындық Үсенұлының өткен өмір жолдарының өрелі кезеңінен түйген ойлары мен пайымдарына, сондай-ақ, қоғамның қазіргі жағдайына байланысты көзқарастары төңірегінде сырласып, орайлы әңгіме өрбіткенді жөн көрген едік.***

### Мансапты мақсат тұтпадым

***– Сәке, сіздің қызмет жолыңыздың көбі партия, кеңес органдарында өтіпті. Алғашқы еңбек жолыңыз 9-сыныпты бітіргенде Ұлытау аудандық «Большевик туы» газетінің редакциясында басталыпты. Кейін 1965 жылдан бастап, тағы үш жылдай облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде меншікті тілші болған екенсіз. Аупарткомда, обкомда қызмет істеп жүрген кезіңізде журналистік негізгі мамандығыңызды аңсаған кезіңіз болды ма? Әлде париялық қызметтегі карьераңызды артық көрдіңіз бе?***

– Иә, еңбек жолымды 1957 жылы «Сталин туы», кейіннен «Коммунизм туы» газетінде атшы болып бастадым. Ол кездегі редакцияның көлігі ер-тұрманымен ат, атшана болатын. Екі айдай атшы болған соң редакторымыз Әбілқасен Әміралин жауапты хатшының қызметін жүктеді. Содан 1962 жылы Ұлытау аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ібжан Рахымжанов деген кісі шақырып алды. «Кеңшар парткомының хатшылығына жаңа кадрларды жібермекпіз, соған сені ұйғарып отырмыз» деді. «Қолымнан келмейтін шығар» деп жүрексінгенімді білдірген едім. Сол уақыттағы Павел Корчагин сияқты тастүлектерді мысалға келтіріп, үгіттеп көндірді. Кейін білгенімдей, обкомдар екіге бөлініп, кейбір аудандар жабылып өндірістік басқармалар құрылған жаңа жағдайға байланысты партиялық жұмысқа жаңа адамдарды, оның ішінде жастарды тарту жөнінде нұсқау бар екен. Сөйтіп Аманкелді атындағы кеңшар парткомының хатшылығына сайландым. Сол кездің өзінде жазудан қол үзген жоқпын. Мен 1960 жылы КСРО Журналистер одағына мүшелікке өткен болатынмын. Кейін аудандық, облыстық партия комитетінде қызмет атқарғанымда да баспасөзге жақын жүретін осы әдетім жалғаса түсті. Біз партия аппаратында істеген уақытта Орталық Комитет басшылығы: «партия органдарының қызметкерлері партиялық публицист болуға тиіс» деген ұстанымды алға қоятын. Осыған орай мақала жазып, баспасөз бетінен көрініп отыруды жұмысымыздың бір саласы деп түсінетінбіз. Сол кездегі осы талап дұрыс қой деп ойлаймын. Мысалға, қазіргі қызметте жүргендерді қарасаңыз, мақала жазбақ түгілі, кейбіреуі өз ойын қағазға түсіріп жазып бере алмайды.

Парткомнан кейін 1965 жылдан бастап 3 жылдай облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің Жезқазған қаласы мен Жезді ауданы бойынша меншікті тілшісі болып істедім. Бұл – Үлкен Жезқазғанның құрылысы орта белден ауып, аяқталуға жақындаған тұсы болатын. Алғашқы алып шахталарды іске қосуға байланысты екпінді құрылыстар өріс алған. Соның бірі №55 шахта құрылысы жөніндегі штабының құрамына енгізген қала басшылары маған «Орталық Қазақстанға» күн сайын құрылыс барысы туралы жазып отыруды жүктеді. Содан 1967 жылы қайтадан партиялық қызметке шақырды. Жезді аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөліміне бардым. «Карьера» туралы ашып айтқаның да дұрыс. Негізінде партиялық жұмысқа барғанда мансап қуып, қызмет сатысымен өсуді мақсат еткен емеспін. Партияның бағыттап, жіберген жеріне барып отырдық. Сол уақыттағы заман талабына сай адал қызмет етіп, қолдан келгенше қабілет-қарымымды көрсетуге тырыстым. Партиялық жұмыс бізді шыңдады, ой-өрісімізді өсірді.

►►*4-бетте*

ТЕАТР

## АБАЙ ОБРАЗЫ ЖАҢАША СОМДАЛДЫ

***Әдебиетсүйер халық арасында Иран-Ғайып есімімен белгілі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы меценаттар клубының «Тарлан» сыйлығының иегері, ақын, драматург, шығармалары түрлі халықаралық додаларда жеңімпаз атанған Иранбек Оразбаевтың «Мен ішпеген у бар ма?...» қойылымы алғаш рет мысты шаһардағы С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театрында сахналанды.***



Қазақтың бас ақыны, ойшыл, дана Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы аясында қойылған спектакльдің қоюшы-режиссері – Теміржан Жанботаев, қоюшы-суретшісі – Қуат Дүйсенбек. Ал музыкамен әрлеген –Дәулет Омашов пен Үмітай Абдуллаева.

Спектакль премьерасына құрметті қонақтар қатарында автор да қонақ болды. Хакім Абайдың қолына қалам алып, өлең жазған кезінен, оқу-білімге деген құштарлығы, жас та болса бас болуға талпынған даналығы, елінің надандықтан арылып, даму бойынша көші алға озған елдерден үлгі алса деген ниеті, сондай-ақ, осы тұста оны қара халықтың түсінбей, көрсеткен қорлығы мен азабы суреттелетін шығарма әп дегеннен көрермендерін елітіп әкетіп, баурап алды.

Қойылымда басты рөлді, Абайдың жас кезін театрдың таланты актерлерінің бірі Нұржан Жарулла сомдаса, қарт Абайды Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі Серік Бұлғақбаев ойнап шықты. Ал Құнанбай рөлін Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Бақытжан Ибраев сомдады.

– Бұл спектакльдің жазылғанына 40 жылдай уақыт болыпты. Еліміздің 14 облысының оншақтысында қойылды. Көрерменге әр театр өзінше ерекшелікпен ұсынады. Мен осы уақытқа дейін қаншама Құнанбай бейнесін көрдім, бірақ дәл сіздердікіндей жүрекке жақын Құнанбайды көрмедім. Расында елі мен ұлының арасында қалған шарасыз әке образы осылай сомдалуы қажет. Құнанбайды жұрт қатыгез, жүрексіз, озбыр адам ретінде таниды. Ол олай емес. Құнанбай да әке. Ал Абайдай ұлды дүниеге әкелген әке тегін адам болуы мүмкін емес. Ол – қарадан шыққан алғашқы болыс, Меккеге мешіт салдырған қажы. Бүгінгі қойылым керемет өтті. Осындай қойылымды дүниеге әкелген Теміржандай ұлды тудырып, тәрбиелеген Досжанға айтар алғысым шексіз, – деген драматург көзіне жас алды. Одан әрі өзінің Абайға арналған қос өлеңін көрерменге ұсынды.

Шара соңында театр басшысы Досхан Сәкен «Қазақмыс» корпорациясы ұсынған сый-сыралғыларды Иран-Ғайыпқа табыстап, алғысын білдірді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**



## САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

***қорғаныш құралдарын пайдалану және утильдеу бойынша ұсыныстар***

### БЕТПЕРДЕНІ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУ

Бір реттік медициналық бетперделер бір рет пайдаланылады. Бетпердені ол ауызды, мұрынды және иекті жауып тұратындай етіп кию керек. Сонымен қатар ол мықтап жанасуы тиіс. Бетпердеде баулар бар болған жағдайда, оларды мықтап байлау керек. Егер бетперденің бір жағы түрлі-түсті болса, оның ақ түсін ішіне қаратып киеді. Бетпердеде арнайы қатпарлар бар болған жағдайда, оларды ашу керек, ал мұрын тұсына иілмелі пластина тігілген жағдайда, бетке анағұрлым толық жанасуын қамтамасыз ету үшін оны майыстырып, мұрынға мықтап жақындату керек. Бетпердені пайдаланған кезде оның сүзгі бетін қолмен ұстамауға тырысу керек. Бетпердені ұстаған жағдайда қолды жуу (тері антисептиктерімен өңдеу) қажет. Егер бетперде ылғалданса немесе ластанса, таза және құрғақ жаңа бетперде киіңіз. Бір реттік бетпердені қайтадан пайдаланбаңыз. Бетпердені пайдаланған кезде оған қол тигізбеу керек. Бетпердені резеңкесінен (бауынан) тартып, сүзгі бетіне қол тигізбей шешу керек. Бетпердені шешкеннен кейін бетіңізді ұстамаңыз және бірден қолыңызды жуыңыз. Бұл, тіпті сіз бетперденің бетін байқамай ұстаған жағдайда да, вируспен жанасудан сақтайды. Көп реттік бетперделерді оларды өңдегеннен кейін ғана қайтадан пайдалануға болады. Үй жағдайларында көп реттік мата бетпердені шаруашылық сабынымен немесе жуу құралын пайдаланумен жуып, сосын бу генераторының немесе бу беру функциясы бар үтіктің көмегімен өңдеу керек. Өңдегеннен кейін бетперде ылғалды болып қалмауы тиіс, сондықтан соңында оны ыстық үтікпен бу беру функциясын қоспай үтіктеу қажет.

### БІР РЕТТІК ЖЕКЕ ҚОРҒАНЫШ ҚҰРАЛДАРЫН УТИЛЬДЕУ ЖОЛЫ

Үй жағдайларында пайдаланылған бетперделерді (соның ішінде түшкіргенде және жөтелгенде пайдаланылған орамалдарды) бөлек қалтаға салып, оны герметикалық жабу керек, осыдан кейін ғана қоқыс салатын шелекке салу керек. Пайдаланылған бетперделер «А» сыныбының медициналық қалдықтарына жатады (қауіпсіз медициналық қалдықтар, ҚТҚ сияқты) және полигондарға шығарылып тасталады.

►►*3-бетте*

БӘРЕКЕЛДІ!

## «ULY DALA»-да ТҰРМЫСТЫҚ ТЕХНИКА САТЫЛАДЫ

***Күні кеше ғана жезқазғандық тұтынушылардың игілігі үшін қолжетімді әрі сапалы тауармен қамтамасыз ету мақсатында минимаркеттер желісін ашқан «ULY DALA» гипермаркеті Жезқазған-Ұлытау аймағының тұрғындарын тағы бір жаңалығымен қуантты. Бұл жолы гипермаркеттен тұрмыстық техника бөлімі ашылды.***

Енді гипермаркетке азық-түлік, ыдыс-аяқ, киім-кешек пен синтетикалық жуғыш заттарды сатып алуға барған тұтынушылар тоңазытқыш, шаңсорғыш, телидидар мен ұялы телефонның, асүйге қажетті техниканың сан түрін кезіктіре алады. «Fora Trade ASIA» ЖШС Жезқазған, Сәтбаев аймақтарындағы ресми өкілі саналатын «ULY DALA» гипермаркеті сатып алушыларға тиімді шарттар жасағанын айтпай кетпеске болмас. Олар тауарды төмен бағамен саудалап, оның сапасына кепілдік береді.

Сонымен бірге, әлеуметтік серіктес «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС қарамағында еңбек ететіндерге пайызсыз 4 айға дейін бөліп төлеу мүмкіндігін ұсынып отыр. Өндіріс қызметкерлері 300 мың теңгеге дейінгі тауарды бөліп төлеу арқылы рәсімдей алады. Тұтынушылар үшін қабылдау үстелі де жұмыс жасап тұр. Мұнда тұтынушылар өзінің қалаған тауарына тапсырыс беріп, небәрі 7 күннің ішінде оған қол жеткізеді.

**Өз тілшіміз**

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ БЕКІТІЛДІ



***ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың 2021 жылғы 26 ақпандағы бұйрығымен Ұлттық спорт түрлерінің тізбесі бекітілді.***

Бұйрыққа сәйкес Ұлттық спорт түрлерінің тізбесіне: аударыспақ, асық ату, бәйге, жамбы ату, жекпе-жек, көкпар, қазақ күресі, құсбегілік, тоғызқұмалақ енген.

Еске салсақ, Ұлттық спорт түрлерін мектеп бағдарламасына енгізу тәртібі айқындалды. Мәдениет министрінің айтуынша, ең алдымен білім беру ұйымдарында асық ату, тоғызқұмалақ, қазақ күресін енгізу жоспарланып отыр.

### БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ АГЕНТТІГІ ЖҰМЫРТҚА мен КҮНБАҒЫС МАЙЫНЫҢ ҚЫМБАТТАУ СЕБЕБІН ТҮСІНДІРДІ

***Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі еліміздегі жұмыртқа мен күнбағыс майының қымбаттау себебін түсіндірді.***



Агенттіктің хабарлауынша, 34 ірі құс фабрикасының 13-інде жұмыртқа сату кезінде бағалық сөз байласу белгілері анықталды.

Жыл басынан бері екі айда жұмыртқа құнының өсуі+11,5%-ды құрады (өткен жылдың ұқсас кезеңінде 1,4%-ға төмендеу байқалды). Өңірлерде тауық жұмыртқасы Семей қаласында – 22,4%, Өскемен – 21,6 %, Қостанай – 16,5%, Жезқазған – 15%, Ақтау – 13,3%, Павлодар - 13,7%, Орал – 11,8%, Алматы – 13,4%, Талдықорғанда – 12,3%-ға қымбаттады.

Бағалық сөз байласу белгілерінің болуына байланысты 13 тауық жұмыртқасын өндірушіге (Шымкент қаласы, Қостанай, Павлодар, Қарағанды, Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Атырау облыстары) бағаларды төмендету туралы хабарлама жіберілді).

Хабарлама кәсіпкерлік бір ай мерзімде орындалмаған жағдайда, монополияға қарсы орган Кодекске сәйкес тергеп-тексеруге бастамашылық жасайды.

Сонымен бірге, бағаның күрт өсуіне бірқатар факторлар әсер етті. Бұл құс тұмауының өршуі және құс басының 15% -ға қысқаруы, азық құнының 150%-ға артуы.

Қазіргі кезде құс фабрикалары – «Адель-кус» ЖШС, «Алекри» ЖШС, «Алсад» ЖШС, «Алель Агро» ЖШС, «Агроинтерптица» ЖШС. «Майқұдық құс фабрикасы» ЖШС, «Сары-Бұлақ» ЖШС және «Бескөл құс фабрикасы» ЖШС құстардың өліміне байланысты тауық жұмыртқасын өндірмейді.

5 күнбағыс майын ірі өндірушілерде монополияға қарсы заңнаманы бұзу белгілері анықталды.

Жыл басынан бері екі ай ішінде күнбағыс майы құнының өсуі 6,7%-ды құрады (өткен жылдың ұқсас кезеңінде бағаның 0,3%-ға төмендеуі байқалды). Өңірлерде ең көп күнбағыс майы Шымкент қаласында – 14,6%, Атырау – 12,8%, Орал – 12,9%, Семей – 11,8%, Ақтөбе – 9,7%, Талдықорған – 9,6%, Тараз – 8,6%, Жезқазған – 7,9%, Қарағанды – 7,8%, Өскемен – 7,6%, Петропавл – 7%, Қостанай – 6,9%, Ақтау – 4,9%, Көкшетауда – 4,5% қымбаттады.

Бағалық сөз байласу белгілерінің болуына байланысты 7 нарық субъектісіне (Шымкент қ., ШҚО, Қарағанды обл. өндірушілер мен көтерме сауда жеткізушілер) бағаларды төмендету туралы хабарлама жіберілді.

Хабарлама бір ай мерзімде орындалмаған жағдайда, монополияға қарсы орган кәсіпкерлік Кодекске сәйкес тергеп-тексеруге бастамашылық жасайды.

Бүгінгі күні Ақтөбе облысындағы келісілген әрекеттер және Алматы қаласындағы үстем жағдайды теріс пайдалану белгілері бойынша 2 тергеп-тексеру жүргізіліп жатыр.

Сонымен бірге бағалардың күрт өсуіне бірқатар факторлар әсер етті. Бұл мұнайға әлемдік бағалардың 53,8%-ға өсуі, шикізатқа сатып алу бағасының өсуі, өндірушілердің өткен жылғы егіннің шикізат қорын қысқартуы.

Атап айтқанда, шикізатты сатып алу бағасының жоғары болуына және шикізаттың болмауына байланысты ШҚО-дағы күнбағыс майын өндіретін ірі өндіруші «Востоксельхозпродукт» ЖШС өз өндірісін тоқтата тұрды.

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ ЛАС ҚАЛАЛАРЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ



***Өткен жылы елдің ауасы ең лас қалаларының көшін Өскемен қаласы бастаған. Мұнда ауаның ластану индексі 20,4 көрсеткішіне жеткен, – деп жазды energyprom.kz.***

Екінші орында Ақтөбе (19,8) және Қарағанды (19,8) қалалары. Шымкент (3,1), Алматы (5,8) және Нұр-Сұлтан (10,7) мегополистері де ауа сапасының төмендігі бойынша рейтингтің басына шықты.

Осылайша өткен жылы ауасы лас қалалар қатарына Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Өскемен, Қарағанды, Ақтөбе, Жезқазған, Балқаш, Атырау және Теміртау енді.

Аталмыш қалалардағы ауа сапасының төмендеуіне автокөліктің көптігі мен кәсіпорындар, желді күндердің аздығы себеп болған.

Ауа сапасын бақылау екі көрсеткіш бойынша жүзеге асырылады. Оның біріншісі — стандартты индекс, ол арқылы зиянды заттардың рұқсат етілген нормадан тыс болуы есептеледі.

Сол көрсеткіш бойынша көшті Өскемен қаласы бастаған. Мұнда ауаның ластану индексі 20,4 көрсеткішіне жетті.

### АЛМАТЫДА КАРАНТИН ШАРАЛАРЫ ҚАЙТА КҮШЕЙТІЛЕДІ

***Алматы қаласы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департамент басшысының орынбасары Әсел Қалықова онлайн-брифинг барысында қалада карантин шаралары қайта күшейтілетінін мәлімдеді.***

Бүгін, 10 наурыз күні Алматыда эпидемиологиялық жағдай нашарлап, қала қызыл аймаққа кірді. Енді қалада карантин шаралары қайта қатаңдатылмақ.

– Қалада шектеу шараларын күшейтуді көздейтін және коронавирустың таралуына қарсы іс-шаралар жасауға бағытталған бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің жаңа қаулысына қол қойылады. Қаулы әзірленді, қазір оны бизнес өкілдерімен талқылап жатырмыз. Күн соңына дейін Алматы қаласы бас мемлекеттік санитар дәрігерінің жаңа қаулысы шығып қалады, – деді Әсел Қалықова.

Оның айтуынша, жағдайдың қайта ушығуына өткен мереке күндер әсер еткен. Оған қоса карантинге жатқызылған науқастар өзін-өзі оқшаулау режимін сақтай бермейтін көрінеді.

– Кез-келген мерекелер қарым-қатынас пен байланыстардың артуын білдіреді, осыған байланысты соңғы мерекелер де жағдайдың нашарлауына ықпал етті. Жылы ауа райында әлеуметтік байланыстар артып, жұқпалы ауруларды жұқтыру қаупі де артады. Көшедегі байланыс кезінде тығыз және ұзақ қарым-қатынас кезінде және де әдеттегідей, жастар бір-бірімен кездескенде қол беріп, бет сүйіп амандасу кезінде жұқтыруы мүмкін. Сондықтан маска тағу режимін қатаң сақтауды талап етеміз, – деді ол.

Сонымен қатар ол сәуір және мамыр айында жаппай вакцина салу басталатынын айтты.

–Тұрғындарды вакцина салдырудан бастартпауға шақырамын. Оның барлығы халық арасында коронавирус инфекциясын жұқтыруды төмендетуге ықпал етеді, – деді Қалықова.

# МИНИСТР ҚҰТТЫҚТАУЫН ЖЕТКІЗДІ

***Алыстағы Мажарстан жеріне аттанып, Будапештке барып, Ұлы Отан соғысының зұлматы мен зардабын өз көзімен көрген абзал жүрек мейірбике қыздың батылдығы мен қайсарлығы кім-кімді де қайран қалдырары сөзсіз. Ерлігі үшін ІІ дәрежелі «Отан», «Қызыл жұлдыз» ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін», «Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков», КСРО-ның санитарлық қорғаныс саласының үздігі медалдарымен марапатталған Нина ВИНОГРАДОВАМЕН тек Жезқазған жұрты ғана емес, бүкіл елі мақтанады. Жылына бір келетін әйел адамдардың мерекесі тұсында жылдағы дәстүрге сай соғыс ардагері елеусіз қалмады.***



Көктемнің алғашқы күндерін шуаққа бөлеп келетін 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнінде соғыс ардагерін қала әкімі Қайрат Әбсаттаров құттықтап, жылы лебізін білдірді. Қала басшысының сый-сияпатынан кейін Жезқазған қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасының бастығы, полковник Әсет Түсіпбеков БАҚ өкілдерімен бірге Нина Степановнаның шаңырағына барып, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаевтың Құттықтау хаты мен гүл шоқтарын табыстады.

– Соғыс ешқашан ешкімге жақсылық әкелген емес. Қанды жылдарда талай жауынгерлердің өміріне араша болдым. ІІ Украина шебінде де болдым. Сондағы мақсатым сәлде болса еліме көмек көрсету еді. Осы жасқа жеткен арманым жоқ десем де болады. Шыны керек, қазір нақты жасым есімде жоқ. Жас ұлғайған сайын ауру-сырқауда көбейе береді екен. Мені ұмытпай, құттықтап келіп жатқандарыңа алғысымды білдіремін. Бастысы – баршаңа мықты денсаулық тілеймін. Денсаулық болса, бәрі болады, – деген ардагер қонақтармен естелік фотоға түсті.

**Ай СҮГІР**



# БАСПАНА БАҒАСЫ АСПАНДАП ТҰР

***Жыл басынан елімізде баспана бағасы шарықтап шыға келді. Бұған зейнетақы қорындағы жинақтың бір бөлігін баспана алуға жұмсауға болады деген жаңалық себеп болып отырғанын айтады біраз жұрт. Бүгінде Жезқазған қаласында 1 бөлмелі пәтерлер бұрынғы бағамен 2 бөлмелі пәтердің құнымен саудалануда. «Әр қазақ менің жалғызым» демекші, әр қазағым баспаналы болса қуанасың, әрине. Бірақ... Негізсіз көтерілген баға «үйлі боламын» дегендерді тығырыққа тіреді.***

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Жезқазған өңірлік филиалының 1 наурыздағы мәліметіне сүйенсек, Жезқазған-Ұлытау аймағының 2637 тұрғыны зейнетақы қорындағы қаржыны алуға өтініш берген. Өтініші орындалған 1571 салымшы зейнетақы қорынан 7611 млн теңге шешкен. Бұл қаржы тек пәтер сатып алуға ғана емес, сонымен бірге екінші деңгейлі банктердегі ипотекалық қарызды жабуға да жұмсалып жатыр.

– «Центр Кредит» банкі арқылы 110 клиент жалпы сомасы 320 млн теңгеге өз ипотекалық қарыздарын жауып үлгерді. Біздің банк арқылы пәтер сатып алуға өтініш беріп жатқандар да баршылық. Қазіргі таңда күніне осы мәселемен бізге 60 жеке тұлға жүгінеді. Қазіргі таңда банк «Баспана хит» және «7-20-25» бағдарламалары бойынша ипотекалық несие рәсімдейді , – деген банктің орталық бөлімшесі директоры Ольга Попова жезқазғандықтар көбінесе облыс орталығы мен Нұр-Сұлтаннан пәтер алуға ниетті екенін жасырмады.

Соңғы бір жылда жаңа пәтер бағасы 8 пайызға, екінші нарықтағы баспана 20,3 пайызға қымбаттаса, биылғы жылдың қаңтар-ақпанында жаңа пәтерлердің бағасы 4,2 пайызға, қолданыстағы пәтерлер 8,2 пайызға көтерілген. Ең қатты өсім Ақтау қаласында байқалған. Бұл қалада үйдің 1 шаршы метрі 13,1 пайызға қымбаттап, қазір шамамен 217 мың теңгені құрап отыр. Нарықтағы осы бағаларды зерттеген ұлттық статистика бюросы мен сарапшылар мысты өлкені назарға алмағаны анық. Біздегі баға қазір Ақтаудан асып түспесе, кем емес. Жезқазғандағы екінші нарықтағы пәтерлердің 1 шаршы метрі орта есеппен 212-234 мың теңге арасында. Бір бөлмелі пәтер 5-7 млн теңгеге сатылып жатса, 47 шаршы метрлі екі бөлмелілердің бағасы 9-11 млн теңге. Осыдан екі жыл бұрын 8-9 млн теңгеге сатып алуға болатын үш бөлмелі пәтер алам десеңіз қалтаңызда 13-15 млн кем емес қаржыңыз болуы керек. Қарап тұрсақ, Кеңес одағы кезінде бой көтерген тұрғын үйлердегі пәтерлері жаңадан салынған үйлерден әлдеқайда қымбат. Бұл сөзімізге «Самға» ЖШС құрылыс компаниясы директорының жаңа жобалар бойынша орынбасары Қанат Құлмағанбетовтің берген ақпары дәлел.

– Компания Жеңіс көшесі, 11А мекенжайында тұрғызған тұрғын үйдің құжаттарын 2020 жылдың желтоқсанында толық рәсімдеді. Жыл басынан бастап пәтерлерді сатылымға қойдық. Біз салған бес қабатты екі кіреберісі бар үйде барлығы – 30 пәтер. Олардың 10-ы – 54 шаршы метрлі екі бөлмелі, қалғаны – 67 шаршы метрлі үш бөлмелі пәтерлер. Компания құрылысқа жұмсалған шығын мен өзінің табысын есептей келе, пәтердің 1 шаршы метрін 165 мың теңге деп белгіледі. Пәтерлердің барлығы таза өңделген, – деді.

Арамызда нарықтағы бағаға бас шайқап «Кім ала берер дейсің, баға түсер» деп отырғандар баршылық. Азық-түліктің өзі күн сайын қымбаттап тұрған мына заманда жылжымайтын мүлік арзандайды деп армандау бекершілік... Қымбат болса да, Жезқазғанда баспана сатылып та, сатып алынып та жатыр. Инстаграм әлеуметтік желісіндегі «krysha_zhez_sat» хабарландырулар парақшасын жүргізетін Людмиланың көмегімен екі-үш сағаттың ішінде пәтеріне жаңа ие тауып жатқандар көп. 12-19 ақпан аралығында аталған парақшада 19 пәтер сатылған. «Отбасы банкінің» Жезқазған аймағындағы консультанттары 18 қаңтардан бері он тұрғын зейнетақы қорындағы қаржы есебінен пәтерді толық сатып алса, тағы 30-ы банк арқылы несиеге рәсімдеген.

Біздің өңірде зейнетақы қорындағы қаржының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін алып жатқандардың басым көпшілігі кеншілер екені белгілі. Айлық табысы 300 мыңнан жоғары олардың күні бүгінге дейін баспанасыз жүруі екі талай. Осы ретте пәтер бағасының шарықтауы баспанасының үстіне баспана алғандардан гөрі жалдамалы пәтер жалдаған жерлестерге оңай соқпай тұр. Ендігі үміт Үкіметтен. Естеріңізде болса, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаны тежеп, ұстауды тапсырды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

## COVID – 19

# ҚАЛАМЫЗДА ВАКЦИНАЦИЯ БАСТАЛДЫ



***Біздің қаламызда да COVID-19 індетіне қарсы вакцинация науқаны басталды. Жезқазған қалалық емханасының кеңес беру-диагностикалық орталығында алғашқы болып екпе салдырғандар – қалалық инфекционарлық стационардың медициналық қызметкерлері.***

Қазіргі таңда қала бойынша «Гам-КОВИД-Вак» («Спутник V») вакцинасының 2800 дозасы бар. Оның 1400-і – бірінші құрауышқа арналса, қалған жартысы – екінші құрауыштікі. 2400 доза аталған вакцинация орталығына бөлінсе, 400-і Жезқазған медициналық орталығы базасына жөнелтілді.

Қазақстанда «Гам-КОВИД-Вак» деген атаумен тіркелген вакцина Қарағанды фармацевтикалық кешенінде жасалған.

– Барлық вакциналар облыс орталығынан негізгі сақтау талаптарына сай жеткізілді. Қазіргі таңда біздің вакцина орталығында 4 тоңазытқыш бар. Осы тоңазытқыштарда вакциналар -18 бен -23 градус аралығында сақталады. Жарық өшіп қалған жағдайларда екпенің сақталуы да ескерілді. Екпе салдыруға ниеттілер келген кезде жарты сағатқа тоңазытқыштан алынады. Содан соң 2 сағат ішінде егілуі қажет. Вакцина тегін және ерікті түрде жүргізіледі. Ол салынбастан бұрын әрбір екпе алушы арнайы тексерістен өтеді. Яғни, дене қысымы, температурасы, сатурация деңгейі өлшенеді. Тамақ қуысы тексеріліп, өкпесі тыңдалады, тері аллергиясының бар-жоқтығы да назарға алынады. Егер екпе салдырғаннан кейін адамдарың жағдайы нашарлайтын болса, дереу 103-тің көмегіне жүгінген жөн, – дейді эпидемиолог дәрігер Мөлдір Әлібек.

Алғашқылардың бірі болып екпе салдырғандардың бірі – Евгений Ивлев.

– Мен қалалық инфекциялық стационарда анестезиолог-ревматолог болып жұмыс істеймін. 20 минут бұрын ғана вакцина ектірттім. Қазір өзімді жақсы сезінемін. Ешқандай қарсы көрсетілімі болмады. Шамалы ұйқым келіп отырғаны рас, бірақ ол түнгі кезекшілікпен байланысты деп ойлаймын, – деді. Вакцина салдырар алдында толық тексерістен өткенін айтқан Оңғарсын Сияр да тұрғындарды қорықпай екпе алуға шақырып, бұл олардың денсаулықтары үшін аса маңызды екенін еске салды.

Вакцина салдырудың алғашқы күнінде аталған вакцинаны Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова да салдыртты.

Вакцинация орталығы күн сайын таңғы сегізден кешкі сегізге дейін жұмыс істейді. Қазіргі таңда әрбір медициналық ұйымнан кем дегенде 70 адам екпе салдыртуы керек. Барлық екпе салдырушыларға 21 күннен кейін тағы да вакцинаның екінші құрауышы егілетін болады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

ВАКЦИНА САЛДЫРУ ТЕГІН БЕ?

ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Ең алдымен, халықтың осал топтары коронавирус инфекциясына қарсы екпе салдыруға тиіс, олар коронавирус инфекциясын жұқтырып, таратуға бейім боп келеді, одан әрі иммундауға жататын халықтың қалған топтары қамтылады.

Бұл әлеуметтік топтарға медицина қызметкерлері, педагогтар, полицейлер, сондай-ақ жүрек-қан тамырлары жүйесі, тыныс алу мүшелері жағынан созылмалы аурулары бар, қант диабеті бар адамдар, медициналық-әлеуметтік мекемелердің персоналы мен контингенті жатады.



1406 COVID-19 ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ CALL ОРТАЛЫҚ

WWW.HLS.KZ

# АРДАГЕР ҰСТАЗДАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

***Жылдағы дәстүр бойынша саналы ғұмырын бала тәрбиесі мен білім беру ісіне арнаған қазірде құрметті еңбек демалысындағы ұстаздар ұлықталды.***



Көктемнің шуақты мерекесі – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Қарағанды облысы білім басқармасының Жезқазған қаласының білім бөлімі басшысы Жеңіс Әлмағанбетов пен Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ-нің «Жезқазған қалалық білім қызметкерлерінің кәсіптік одағының ұйымы» филиалының төрайымы Ләззат Күнеділова білім саласының ардагерлерін құттықтай барды.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу және олардың білімін жетілдіру жолында қажырлы еңбек еткен ұстаздардың қатарында Күлшара Медеубаева мен Валентина Орехова да бар. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Күлшара Шымкенқызының алдын көрген жүздеген шәкірт қазіргі таңда еліміздің игілігі жолында әр салада еңбек етуде. Өмірінің қырық жылын жарты ғасырлық тарихы бар «Айналайын» бөбекжайында өткізген Валентина Васильевна өзгенің баласын өзінікінен кем көрмей, оңы мен солын танытты. Қос ардагер ұстаздың да өз ісіне деген адалдығы лайықты бағасын алып, жоғары марапаттарға ие болған.

Еңбек жолында жеткен жетістіктерін тілге тиек еткен білім саласы майталмандарына ақ жарма ақ тілегін ақтара келгендер сый-сияпат табыстап, олардың ақыл-кеңестерін тыңдады.

**Бота ШАЛҚАР**

***Жезқазған қаласында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар шаралар жүргізіп жатыр. Бүгінгі күнге қаламызда жұмыс істеп тұрған 292 шаруа қожалығы бар.***

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА – АЙРЫҚША НАЗАР

2020 жылдың қорытындысы бойынша жалпы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру – 6 млрд 525,1 млн. теңгені құрады, өткен жылдың қорытындысымен салыстырғанда өсім 13 пайызды (5 млрд. 774,2 млн. теңге) көрсетіп отыр. Оның ішінде: өсімдік шаруашылығының жалпы өнімін өндіру 4 млрд. 115 млн.теңге, бұл өткен жылдың қорытындысымен салыстырғанда 13,5 пайызға (3 млрд. 624,8 млн.млн. теңге); мал шаруашылығының жалпы өнімін өндіру 2 млрд. 400,8 млн. тенгені құрады, бұл өткен жылдың қорытындысымен салыстырғанда өсім 7,7 пайызға (2 млрд. 229,6 млн.теңге) артқан. Ауыл шаруашылығында мал басы 18 пайызға өсіп 38 068 басты құрады (32 260 бас), оның ішінде:

– мүйізді ірі қара басы 18,2 пайызға өсіп 10608 басты құрады (8 976 бас);

– қой мен ешкі басы 15,6 пайызға өсіп 18543 басты құрады (16 039 бас);

– жылқы басы 23,1 пайызға өсіп 8917 басты құрады (7 245 бас);

– құс басы 16,4 пайызға өсіп 39691 басты құрады (34 085 бас);

Мал басы өсуінің арқасында ет өндіру көлемі 3,8 пайызға өсіп 1480,2 тоннаны құрады (1429 тонна), сүт өндіру 8,2 пайызға өсіп 6163,5 тоннаны құрады (5694,5 тонна).

Қала тұрғындарын қажетті азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету және бағаны тұрақтандыру мақсатында 2014-2020 жылдар аралығында жалпы құны 4 млрд. 444,6 миллион теңгені құрайтын 7 инвестициялық жоба іске қосылды, атап айтқанда:

– «Племптицеторг» ЖШС-нің «Өнеркәсіптік құс шаруашылығының асыл тұқымды орталығын құру» инвестициялық жобасы. Инвестициялық жобаның құны – 1 млрд 200 теңге;

– «Ұлытау Флора» АТК-нің «Жылыжай кешенін құру» инвестициялық жобасы. Инвестициялық жобаның құны – 229,6 млн.теңге;

– «Компания BAYAN» ЖШС-нің «Мамандандырылған тамақ өнімдерін өндіру кешенін құры» инвестициялық жобасы. Инвестициялық жобаның құны – 434 млн.теңге;

– «ТӘТТІ» ЖК-ның «Нан-тоқаш және кондитерлік өнімдерді өндіру» инвестициялық жобасы. Инвестициялық жобаның құны –125 млн. теңге;

– «Тулеуова» ЖК-ның «Ұннан жасалған кондитерлік өнімдер шығаратын цехтың құрылысы» инвестициялық жобасы. Инвестициялық жобаның құны – 280 млн.теңге;

– «Компания BAYAN» ЖШС-нің «Сүт және сүт өнімдерін өндіру желісін құру» инвестициялық жобасы. Инвестициялық жобаның құны – 176 млн.теңге;

– «Ұлытау нан» ЖШС-нің тәулігіне 35 тонна нан өнімдерін өндіретін «Нан зауытын салу» инвестициялық жобасы. Инвестициялық жобаның құны – 2 млрд. теңге.

Аталған жобалар бүгінгі күнге тұрақты жұмыс істеуде. Құрылған жұмыс орындар – 352 бірлік.

2020 жылдың қортындысы бойынша жалпы көлемі 13581 тонна азық-түлік өнімдері өндірілді немесе 2019 жылдың қорытындысымен салыстырғанда өсу қарқыны 125,3% құрады (10 839 тонна).

Осы бағытта бүгінгі күні де жұмыстар жалғасуда.

Ағымдағы жылы жалпы инвестициясы 763 миллион теңгені құрайтын 4 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр, олар:

– «Ахтямов» шаруа қожалығының жылына 1000 тонна «Құс етін өндіру» инвестициялық жобасы. Инвестициялық жобаның құны – 226 млн.теңге;

– «Самади - 2030» ЖШС-нің жылына 10000 тонна ұн өндіру «Ұн кешені» инвестициялық жобасы. Инвестициялық жобаның құны – 400 млн.теңге;

– 140 бас ірі қара малға арналған «2 мал бордақылау алаңын іске қосу» инвестициялық жобасы. Инвестициялық жобаның құны – 37 млн. теңге;

– 200 гектарға дейін «Егіс алқаптарын ұлғайту» инвестициялық жобасы. Инвестициялық жобаның құны – 100 млн.теңге.

Аталған жобалар іске асқанда қала тұрғындарын қажетті ет өнімдерімен қамтамасыз ету 40%-дан 61%-ге дейін, картоппен және көкөністермен қамтамасыз ету 39%-дан 50%-ға дейін өседі, ұнмен қамтамасыз ету 125%-ды құрайды деп күтілуде.

Сонымен қатар, «Қазахмыс Холдинг» ЖШС-мен жалпы аумағы 100 га құрайтын «Жылыжай кешенін салу» жобасын іске асыру жөнінде келіссөздер жүргізілуде. Инвестициялық жобаның құны – 108 млрд.теңге. Іске асырылу мерзімі – 2022-2024 жылдар.

Алдағы уақтта да қала тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жалғасын табады.

**Шаймерден САПАРБАЕВ,**
**Жезқазған қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі ауыл шаруашылығы секторының меңгерушісі**

# ПАРАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖОЛЫНДА

***біргатар шаралар қолданылуда***

***«Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Елбасы сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатерлердің қатарына жатқызып, мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен күресте күш-жігерді біріктіруге шақырады.***

Қазақстанның аталмыш маңызды мәселе бойынша қағидаттық ұстанымын білдіретін еліміздің басты стратегиялық құжаты мемлекеттің алдағы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі болып табылады.

Біздің еліміздің қазіргі заманда сыбайлас жемкорлыққа қарсы тиімді заңнама жұмыс істеуде десек, оның негізі «Сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдар болып табылады. Сондай-ақ, бұдан бөлек бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылып, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды кешенді түрде іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастықта белсенді жүзеге асырылуда.

Әлеуметтік шығу тегі мен мүліктік жағдайына қарамастан, басшылық орындарға қабілетті және кәсіби дайындалған адамдар орналасатын меритократия қағидаттарының негізінде мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптасты. Оның ішінде мемлекеттің әрбір органы мен лауазымды адамының функциялары мен өкілеттіктерінің аражігі нақты ажыратылып және айқындалып, қалыптасты десек қателеспейміз.

Бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшейтумен қатар, олардың әлеуметтік кепілдіктері де жетілдірілуде. Мемлекеттік аппараттың еңбекақысын кезең-кезеңімен үнемі көтеріп отыру – мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік өзін-өзі сезінуін арттыруға және олардың өз міндеттерін адал және әділ негізде орындауына жағдай жасау үшін қолға алынған дүние.

Сот жүйесіне деген сенімді арттыруға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ісінде оның рөлін күшейтуге ерекше көңіл бөлінуде. Жер-жерде ақпаратқа қолжетімділік кеңейтілді, оған электрондық үкімет пен мемлекеттік және жеке құрылымдардың интернет ресурстарын қалыптастыру жөніндегі шаралар ықпал етті. Азаматтардың сыбайлас жемқорлық фактілері туралы кедергісіз ақпарат алуы, оның ішінде, мемлекеттік органдардың сенім телефондары мен веб-сайттары арқылы кедергісіз ақпарат алуы үшін жағдай жасалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қоғам болып қарсы тұрумен қатар, мемлекеттік органдардағы мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларына жол бермеу де бүгінгі таңдағы басты мәселелердің бірі. Бұл жөніндегі қолданыстағы Әдеп кодексінде жан-жақты айтылған. Сондықтан, әр мемлекеттік қызметші аталған кодекс талаптарын басшылыққа алу қажет. Ал, заман талабына сай мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін енгізу «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру талаптарынан бастау алады.

**Медина ЕРЖАН,**
**Қарағанды облысының кәмелетке толмағандардың істер жөніндегі мамандандырылған №2 ауданаралық сотының кеңсе меңгерушісі**

COVID – 19

# КЕЛЕР КҮНГЕ ЖАҚСЫ ҮМІТПЕН

Еліміздің басына қара бұлт үйірілткен, кеше ғана көз алдымызда жүрген адамның бүгін жер қойнына тапсырылып жатқанын естігенде көңіліміз жабырқап, өмірдің қамшының сабындай ғана қысқа екенін мойындамасқа шараң қалмайды. Санамызға сіңген салттан әлі ажырай алмай жүрміз. Ауру күшейсе де көп адамдар түрлі басқосулардан бас тарта алмай жүргенін білеміз.

Мен қазіргідей кезеңде кісі қарасы көп жерге барғанды жөн көрмеймін. Бармаймын да. Себебі өзім үшін болмаса да, үйдегі бал-шағаның денсаулығы үшін алаңдаймын. Бастысы – солардың денсаулығы. Мен қазір Кеңгір елді-мекеніндегі ардагерлер кеңесінің төрағасымын. Соған қатысты жиналыстарға барынша сақтық шараларын сақтап, қатаң тәртіппен барып қайтамын. Одан кейінгі уақыттарда үйде болғанды жөн көремін.

Қазір той-домалақтан бұрын күнделікті жауапкершілікті де естен шығарып алғандаймыз. Мысалы, кез келген азық-түлік дүкеніне бара қалсақ іздеріне шұбыртып балаларын ертіп алған тұрғындарға кездесеміз. Әрине, әркім өз баласына өзі жауапты. Не дегенмен мына заманда ауру қаупін ескеріп өмір сүрсек абзалырақ болар еді. Себебі, қауіпті вирус кісі көп жерде көп болады. Кез келген сау адам болсын, ауру адам болсын азық-түлік дүкенін жағалайды. Бір коронавирусқа шалдыққан науқас кем дегенде екі адамға ауру таратады. Ал енді өзіңіз де бағамдай беріңіз. Дүкен мен супермаркеттерге күніне қаншама адам аяқ басатынын...

Мен әр атқан таңыма Аллаға шүкір етемін. Жақында ғана 80-нен асқан жақын таныс-туғандарымнан айрылып қалдым. Алланың берген ғұмырын жасады дегенімізбен, пенде жақынын ажалға қимайды екен. Олар да осы тәжтажал кесірінен келмеске аттанды. 2-3 күн ғана ауырды. Міне, енді сағына еске алудан басқа амалымыз жоқ.

Қымбатты замандастарым, балаларым, денсаулығымызға бейжай қарауды қояйық. Себебі біз сақтанбасақ, ауру азаймайды. «Тәртіпке бағынған құл болмайлы, тәртіпсіз ел болмайды» дейді емес пе?! Келер күннен асқақ үміт пен жарқын сенім күткен ұлтпыз, қаншама қиындықты бастан өткеріп, қарсы тұра білген елміз. Бұл да өтер, кетер. Індетті жеңетін күн жақын. Қазір ауруға қарсы вакцина салынып жатыр. Індеттің алдын алуда оның пайдасы зорын түрлі зерттеулер дәлелдеп үлгерді. Ендеше, көбіне шыдап келіп, азы қалғанда босаңсып кетпейік. Арақашықты сақтап, маскамызды шешпейік. Өзіміздің, жақындарымыздың саулығы үшін көпшілік орындарға, той-домалаққа баруды доғара тұрайық.

**Оразбай АРЫСТАНБАЕВ,**
**Кеңгір селолық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы**

# САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

***қорғаныш құралдарын пайдалану және утильдеу бойынша ұсыныстар***

***(Соңы. Басы 1-бетте).***

## ҚАРАПАЙЫМ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Көпшілік орындар мен жұмыс орындарында қол гигиенасы мен респираторлық гигиенаның маңыздылығына баса назар аударылуы қажет. Келесі сақтық шараларын қамтамасыз ету ұсынылады: құрамында (кемінде 60% этил спирті бар) спирт бар қолға арналған антисептиктердің жеткілікті санының құрамында, сонымен қатар таза су мен сабынның бар болуын қамтамасыз ету; қол гигиенасына арналған құралдарды кіретін және шығатын жерлерде, сонымен қатар процедуралар орындалатын жерлерде орналастыру; қолды антисептикпен өңдеу немесе сабынмен жуу қажеттігі туралы персоналға, тұрғындарға және келушілерге ескерту үшін бүкіл мекеме бойынша ескертпелер, плакаттар мен үндеуқағаздар орналастыру; қолды сабындап сумен кемінде 40 секунд немесе спирт негізіндегі антисептикпен кемінде 20 секунд өңдеуді ұсыну; персоналға қолдарын жиі гигиеналық өңдеу, әсіресе жұмыс күні басталардың алдында, тұрғындармен физикалық жанасуға дейін және одан кейін, дәретханаға барғаннан кейін, тамақ дайындағанға дейін және одан кейін, сонымен қатар тамақтанар алдында өңдеу талаптарын қою; тұрғындарға қолдарын, әсіресе қолдарында көзге байқалып тұрған ластану бар болғанда, айналадағыларға жанауға дейін және кейін (айналадағыларға мүмкіндігінше жанаспау керектігімен қатар), дәретханаға барғаннан кейін, тамақтанар алдында, жөтелгенде және түшкіргенде жиі гигиеналық өңдеуді қатаң ұсыну және көмектесу; бір реттік орамалдар мен тиісті қоқыс контейнерлерінің (қақпақты) жеткілікті санының бар болуын қамтамасыз ету; түшкіргенде және жөтелгенде ауыз бен мұрынды орамалмен немесе шынтағын бүгіп жабу және пайдаланылған орамалды қақпақты қоқыс шелегіне тастау қажеттігі туралы персоналға, тұрғындарға және келушілерге ескерту үшін бүкіл мекеме бойынша ескертпелер, плакаттар мен үндеуқағаздар орналастыру;

Персонал арасында COVID-19 жұқпасын белсенді түрде анықтауды ұйымдастыру керек. Ол үшін: дене қызуы көтерілген немесе қандай да бір респираторлық симптомдар пайда болған жағдайда мекеме басшылығына хабарлау және жұмысқа шықпау қажеттігі туралы персоналға нұсқаулық беру; жұмыс орындарында себебін түсіндірмей жоқ болған қызметкерлермен олардың денсаулық жағдайларын тексеру үшін байланысу; ғимаратқа кіретін жерде барлық қызметкерлердің дене қызуын бақылауды ұйымдастыру; ауру белгілері көзге ұрынып тұрған қызметкерлер дереу жұмыстан босатылуы және өздерінің емделетін дәрігерлеріне жіберілулері тиіс; COVID-19 көзімен байланыс жоғары тәуекеліне ұшыраған қызметкерлерді айқындау үшін персоналдың іс-әрекеттерін және олардың тұрғандармен, әсіресе COVID-19 жұқтырғандармен байланыстарын қадағалауды қамтамасыз ету қажет.

Жоғарыда аталған сақтық шаралары мен ұсыныстарды орындау арқылы індеттің алдын алуға болады. Ортақ жауапкершілік – коронавирус инфекциясын жеңудің бірден-бір жолы екенін ұмытпайық!

**Арайлым БУРХАНОВА,**
**«Тильман» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының фельдшері**

БАЛАБАҚША ХАБАРЫ

# ОБЛЫСТЫҚ АПТАЛЫҚТАР ӨТТІ

***«Балдырған» бөбекжайында қаңтар айынан бастап әр сала бойынша облыстық сауаттылық апталығы өтуде. Міне, осы аралықта «Кітаппен дос болайық», «Қызықты математика», «Балалар спорт әлемінде» және «Қазақ тілін меңгереміз» атты тақырыптарда педагог-тәрбиешілер мен тәрбиеленушілеріміз білімдерін ұштап, шығармашылық жетістіктерін, спортқа деген қызығушылықтарын таныта білді.***

Әр апталықта берілген тапсырмалардың мақсат, міндеттеріне жетте білді. Тақырыпқа сай көрмелер, аппликациялар, қолдан жасалған кітапшалар, бейнероликтер, фото-коллаждар және ашық ұйымдастырылған оқу қызметі көрсетілді. Апталыққа ата-аналарда біркісідей қатысып атсалысты. Әр апталыққа белсене қатысқан педагог-тәрбиешілердің еңбегін атап кетпеске болмас. Олар жас мамандар: Көзайым Бекентай, Маржан Булегенова, Марал Сердалинова, Ақтай Абдрахманова, Назгүл Тұрғанбаева.

Балабақша тәрбиеленушілері «Кітаппен дос болайық» апталығында «Кітап білім – бұлағы, білім өмір – шырағы» атты мақалды қағидаға ала отырып, кітаптың аса құндылығын түсіне білді. «Қызықты математика» апталығында санамақ түрлерінен бастап сандардың қызықты ертегілерімен танысты. «Қазақ тілін меңгереміз» апталығында балаларды тіл – ұлттың мақтанышы, тірегі екендігіне кең түсінік бере отырып, елжандылыққа, туған тілін құрметтеуге, тіл мәдениетін көтеру, тілді ұлттық мұра ретінде қастерлей білуге үйреттік. Ал, «Балалар спорт әлемінде» апталығында тәрбиеленушілеріміз қазақтың ұлттық ойындарын және далаға шаңғы, шана теуіп салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыра білді.

**Марина ҚҰЛЖАБАЕВА,**
**«Балдырған» бөбекжайының нұсқаушысы**

МЕРЕЙ

(Соңы.. Басы 1-бетте).

# «Рухы мықты елдің іргесі – берік»



## Адамдармен жұмыс абыройға бөледі

***– Кеңестік заманда қоғамның барлық саласына компартия билік жүргізгенін білеміз. Идеологиялық жұмысты, кадр саясатын да партия органы жүргізіп шешетін. Бір сөзбен айтқанда рөлі күшті болды. Сіз аудандық, қалалық партия комитеттерінде бөлім меңгерушісі, Жезқазған обкомында насихат және үгіт бөліміндегі лекторлар тобының жетекшісі, идеология бөлімінің меңгерушісі болдыңыз ғой. Сол қызметтеріңіздің негізгі сипаты мен атқарылған өзекті істерді еске алып өтсеңіз?***

– Партия комитеттерінің ол кезеңдегі міндеттерінің бірі кеңес халқының жаңа қауымдастығын қалыптастыру бағыты болатын. Біздің бөлім негізінен партия мүшелерін ортақ іске жұмылдыра отырып, адамдармен жұмыс істеуді басты орынға қоятын. Адамдармен жұмыс істеу жан-жақты міндеттер жүктейді. Тоталитарлық жүйе деп қаншалықты кінә таққанымызбен, адамдармен жұмыс істеу өзім үшін ерекше әсерлі болды. Жезді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Сұлтан Хасенұлы Әменовтен көп өнеге алдым. Ол кісі көпті көрген, Отан соғысының ардагері еді. Шаруашылық жайын жақсы білетін. Аралауға бірге ертіп шыққанда еңбек адамдарының тұрмыстық жағдайының дұрыс болуына айрықша мән беретін. Барған жеріндегі ферма меңгерушісі, шаруашылық басшылары туралы біздің пікіріміздің қандай екенін үнемі сұрап, біліп отыратын. Алғашқыда неге сұрады екен деп, тосылыңқырап жауап бергенімізбен кейін бұл кадрларды тереңірек танып-білудегі жұмыс әдісі екеніне көз жетті. Іскерлігімен танылып, көзге түскен адамдарды қызмет жолымен өсіріп отыруды назарда ұстайтын. Міне, кадрларды осылайша жан-жақты зерттеп біліп, содан соң бір шешімге келу әдісін обкомда істегенімде облыстық партия комитетінің хатшысы Жылқыбай Аралбаевтың жұмыс стилінен көрдім. Жарықтық Жықаң бір көргеннен-ақ адамның болмысы мен қабілет-қарымын айқын аңғарып қалатын. Кісінің кісілігін көбінесе бейресми жағдайда жолыққанда байқап жүреді екен. Көп сөзден гөрі нақты істің адамы еді. Қатардағы адамдардың бір түйінді мәселесі болса, соған дереу араласып оңынан шешіп беретін. Ол кісінің қарамағындағы идеология бөлімінде қызмет атқарғанда өз басым көп нәрсені үйрендім.

Кадрлық саясатта да партияның ролі күшті болғаны белгілі. Мәселен, біз өз саламыздағы кадрларды іріктеп, қолынан іс келетіндерін қай қызметке жіберу жөнінде ұйғарым жасап, олардың резервін жасап отыратынбыз. Оның ішіндегі газет редакциялары мен мәдениет саласы басшыларын тағайындаудағы ұстанымдар естеріңде болуы мүмкін. Мәселен, өзіңді Ақадыр ауданында редактордың орынбасары болып жүрген кезіңде обкомның ұйғаруымен Приозерный аудандық газетіне редакторлыққа жіберу де осындай кадрлар резервін жасақтаудың бір көрінісі болатын. Жалпы кадр мәселесін шешу, оның ішінде адамдармен жұмыс байсалдылықты, өзара сенімділіктің болуын қажет етеді. Партия қызметкері ретінде тек кабинетте қағаз жазып отырумен шектелген жоқпыз. Әр саладағы адамдармен етене араласып, қоян-қолтық жұмыс істейтінбіз. Өзімнің жеке басыма ешкімнің кінә артқан кезі болған емес. Қайта адамдармен шынайы жұмыс нәтижесінде алғыс арқаладық.

***– Сағындық Үсенұлы, қазір «Нұр Отан» партиясын Қазақстандағы билік партиясы деп атап жүр ғой. Өзіңіз де осы партияның мүшесі боларсыз. Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда бүгінгі билік партиясының бұқараға ықпалы, мәселе шешудегі деңгейі туралы не айтар едіңіз?***

– «Нұр Отанды» жалпы Парламент партиясы, билік партиясы деп көтермелеп жатады ғой. Алайда, халықпен жұмыстың барлығы тек сайлау уақыттарында ғана белсенділікпен жүргізілетінін байқаймыз. Және сол сайлау қарсаңындағы бағдарламалары көбінесе қаржы жағынан негізделмейді. Партия қатарына іріктеу жұмыстары да жетілдіруді қажет етеді. «Көлденең келген көк аттыдай» кездейсоқ адамдардың мүше болуы, кейбірінің тек қол шапалақтап, бас пайдасын ғана ойлауы жалпы ортақ жұмысқа көлеңкесін түсіретінін көріп жүрміз. Кейбір істері жұрт көңілінен шықпайды. Бір мысал айтайын, 2019 жылы қалалық қоғамдық кеңесте экология жөнінде тиісті шешім қабылдадық. Қаладағы партия өкілдерінің басшыларымен қатар олардан облыстық, қалалық мәслихаттарға сайланған депутаттар да болды. Сөз жүзінде қолдағанда бәрі ойдағыдай. Ал, нақты іске асыруға келгенде тайсақтай беретіні байқалады. Мүмкін бұл әлі партияның тәжірибесі толысып, толысып жетілмегенінің әсері шығар. Қарапайым жұртшылық көтерілген мәселелердің шешімталдықпен жүзеге асқанын қалайды. Тоталитарлық жүйедегі коммунистік партия сияқты болсын деуден аулақпын. Бірақ, әлі де халықтың көңілінен шығатындай жетекші партия болуға күш салуы керек деп ойлаймын.

## Желтоқсан – оқиға емес, көтеріліс

***– Биыл Тәуелсіздігімізге 30 жыл болса, ел егемендігін аңсаған Желтоқсанға 35 жыл толғалы отыр. Сіздің көзқарасыңыз бойынша желтоқсан оқиға ма, көтеріліс пе? Сол уақытта Жезқазғанда да жастардың толқуы болғаны белгілі. Облыстық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі ретінде сол сәтте сізге де оңай соқпаған шығар. Сын сағатта партияның саясатына орай жоғары биліктің ықпалында болдыңыз ба, әлде жастарға бүйрегіңіз көбірек бұрылды ма?***

– Обкомның бірінші хатшысының тапсырмасы бойынша біз 18 желтоқсан күні кешкілік жоғары оқу орындарының жатақханаларын аралап өткен едік. Аса күдік аларлықтай ештеңе байқамадық. Ертеңінде яғни 19 желтоқсанда таңертеңгілік аяз күшейіп, күн шаңытып тұрды. Обком ғимаратының бірінші қабатында педагогикалық институттың ректоры Мәкен Бектұров пен политехникалық институт филиалының директоры Ниязғали Жайсаңбаевты жолықтырдым. Айтуларына қарағанда, студенттер таңертең аудиторияға сабаққа кірмеген, қолдарында ұран-плакаттары бар дейді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті желтоқсан пленумының шешімдеріне келіспейтінін білдіріп, көшеге шықпақшы. Политех студенттерінің қабағы қатулы, пединституттың тобына қосылуға келе жатса керек. Олар орталық алаңға жиналатын сыңайлы деген хабар алысымен облыстық партия комитетінің идеология мәселелері жөніндегі хатшысы Сырым Сапарғалиевтің кабинетіне келдік. Ол бірінші хатшы Н.Давыдовпен сөйлесті. Шамасы, бәрімізді шақырған болу керек, оныншы қабатқа көтерілдік. Бірінші хатшы түрегеп тұрып қысқаша тілдесіп, мән-жайды ректорлардан сұрады. Бізден бұрын облыстық ішкі істер басқармасының бастығы Р.Қайдаров телефон соғып, хабардар еткен екен. Шешім шапшаң қабылданды. Шерудегі студенттер арасына барып үгіт-түсінік жұмыстарын жүргізетін болдық.

Балалар шерулер мен демонстрациялар ұйымдастырудың тәртібі жөніндегі түсініктерімді жақсы қабылдады. Көкейдегі сұрақтарын да қарша боратты. «Жиналыстар неге тек орыс тілінде өтеді, қазақ тілінің несі кем? Бізде орыс қысының мейрамы өтеді, сонда орыс, қазақ, украин қыстары деген бола ма? Институттағы сабақтар неге қазақша жүргізілмейді? Қазақтар көп қабатты үйдің неге бірінші немесе бесінші қабатында тұрады? Коттежде тұратындар негізінен орыс ұлтының өкілдері. Қонаевтың орнына орыс болса да неге қазақстандық бір басшы сайланбады?». Міне, осы тұрғыдағы көптеген сауалдарға байыппен жауап беріп, жастардың аптығын басуға тура келді. Сағат түскі он екіге таман ішкі істер басқармасының бастығы Рүстем Қайдаровтың кабинетіне келдім. Бұл кісі ұлттық ұстанымға берік, жан-жақты ойлайтын алғыр адам болатын. Жастар шеруі тарқаған соң оқиғаны аса шиеленістірудің қажет еместігін сездіргендей болды. Сол сәтте қоңырау шалған одақтық ішкі істер министрінің орынбасары генерал Б.Елисовка облыс орталығындағы жоғары оқу орындарының студенттері көшеге шыққанын, шеру ұйымдастырудың тәртібі түсіндірілген соң тарағанын баяндады. Ана жақтан ұйымдастырушылардың кім екенін, ұстадыңдар ма деген сыңайдағы сұрауына да Рүстекең нақты ойластырып ұйымдасқан шара емес, шеруге қатысушылардан гөрі жолай қызықтап қосылған тұрғындар көп болды дегендей, мәселенің тігісін жатқызып жеткізді. Негізінде Алматыдағы студенттердің бас көтеруін Жезқазғанда 600-ге тарта студент қолдап, желтоқсанның 19-ы күні шеруге шыққан еді. Олардың ішінде 200-ден аса студент жастар мен оқу орындарының қызметкерлері, ағайын-туыстары партиялық, комсомолдық, әкімшілік жазалар алды. Жоғары жақтан ұлтаралық араздықты қоздыруға байланысты жаппай жазалау қажеттігін ұсынғанмен біз аса қоламтаны қоздырмай, жастардың жапа шекпеу жағында болдық. Бірде-бір адамды орынсыз оққа байлап, негізсіз жазаға тартқан жоқпыз.

Жалпы, желтоқсан оқиғасының мән-жайына кейін қанықтық қой. Уақыттың, заманның өзгеріп келе жатқанын, осыған орай өзіміздің де көзқарасымыздың өзгере бастағанын аңғардық. Бұл толқу қалғи бастаған ұлттық сана-сезімімізді оятты. Азаттықты аңсаған халқымыздың іште бұғып жатқан бұлқынысының зор дүмпуі болғаны анық еді. Сондықтан, Желтоқсанды оқиға емес, нағыз көтеріліс деген дұрыс. Менің «Ұлытау кітапханасы» сериясымен жарық көрген «Намыстан жаралған халықпыз» деген кітабымда осы жағдайлар туралы нақты құжаттар арқылы егжей-тегжейлі баяндалады. Шындығын айтқанда, енді 5 жылдан кейін Тәуелсіздік таңы ататынын біз ол кезде білмедік.

## Тіліміз неге төрге шықпады?

***– Бүгінде ана тіліміздің жай-күйі туралы қынжылыс білдірушілер көп. Мемлекеттік тіл болғанымен 30 жылда қазақ тілі төрге шықпай қойды, босағадан сығалауда деген сыңайдағы әңгімелер жиі айтылады. Бұл жөнінде сіз қандай пікірдесіз?***

– Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы кезеңде қазақ тілінің жоғын жоқтаушылар көп болды. Мен 1995 жылдан бастап біржарым жылдай облыстық тілдер басқармасының бастығы болдым. Сол уақытта тілге қатысты мәселе өткір қойылатын. Жаппай құрылған «Қазақ тілі» қоғамдарының жұмысы да пәрменді басталған еді. Қоғамның даму барысында осы бетбұрысымыз бірте-бірте бәсеңдеп қалды. Мен ол кезде бұлай болады деп ойламаған едім. Арамызда бірді-екілі басқа ұлт өкілдері болса орысша сөйлеу, қазақ тілін дұрыс білмейтіндерді басшылыққа қою бұрынғыша қайта белең алды. Мемлекеттік деңгейдегі тілге деген талап екінші қатарда қалып қойды. Қазақ ұлты ретінде өзін кемсітіп, орысша сөйлесе озық көрінетіндей мәңгүрттер қатарының көбейе бастауы тіліміздің төрге шықпауына айтарлықтай салқынын тигізе бастады. Білім беру саласындағы сансыз реформалар да жас ұрпақты адастырып бітті. Өз басым балаға 1-сыныптан ағылшын тілін үйретеміз дегенді құптамаймын. Мысалы, әлемдегі озық ойлы елдер қатарындағы жапондықтар бала өз тілін еркін меңгеретін 12 жасқа толмайынша шет тілін үйретуді қолға алмайтын көрінеді. Жас ұрпаққа ана тілін бесіктен бастап, балабақшаға, мектепке дейінгі кезеңде бойларына сіңіруді жүйелі жүргізбейінше іс алға баспайды. Шет тілінде сайрап тұрғанымен, ұлттық тәрбие негізі мен қазақтық болмысынан алшақтап кеткен жастардың болашағы не болады?!

## Жезқазғанның болашағы толғандырады

***– Сағындық Үсенұлы, бүгінге дейін қаланың қоғамдық жұмыстарынан қалыс қалған жеріңіз жоқ. Қазірде қалалық қоғамдық кеңестің төрағасы ретінде жергілікті биліктің жұмысына қозғау салып, ой-ұсыныстарыңызды білдіріп жүргеніңізді көреміз. Қоғамдық кеңес жалпы Жезқазған өңірінің қандай өзекті мәселелерін шешуге үлесін қосты?***

– Өңірдің экологиялық жағдайы өте ауыр жағдайда. Қоғамдық кеңес өзінің алғашқы отырысынан бастап осы өзекті проблеманы талқылады. Қаладағы мыс қорыту өндірісінің жұмысы барысында әр тұрғынға шаққанда 1 тоннадан аса зиянды күкірт ангидриді ауаға таралады екен. Сонымен қоса, қоршаған ортаға таралып жатқан мышьяк, кадмий, қорғасын сияқты әртүрлі ауыр металдардың үлесі аз емес. ЖЭО-ынан ауаға көтерілетін көмір қалдықтарының зиянды заттары да экологиялық ахуалды бұзуда. Өндіріс технологиясына қатысты осы келеңсіздіктердің жолын кесуде бұрынғы экологиялық кодекс дәрменсіз болды. Енді жаңа Экологиялық кодекске үлкен үміт артып отырмыз.

Президентіміз ішкі ресурстарды пайдалану жөнінде міндет қойғаны белгілі. Біздің өңірде де пайдалана білсек ішкі ресурстар аз емес. Мәселен, Талап алқабында бау-бақша өсіретін 4 мың гектардай жер бар. Жезді су қоймасын қалпына келтіріп, тиімді пайдаланса 3 мың гектар алқапты суаруға мүмкіндік береді. Бұл – азық-түлік проблемасын шешудің үлкен резерві. Қоғамдық кеңесте көтерілгенмен қала басшылығы осы мәселеге жете көңіл бөлмей келеді. Соның салдарынан Жезді су қоймасы мен Талап тоғаны Су ресурстары комитетінің еліміздегі суармалы жерлерді игеру жөніндегі бағдарламасына енбей қалды. Жергілікті биліктегі басшылар әлі де болса осы жобаны іске асырудың жолын қарастырса деймін.

Жезқазғанды өмірге әкелген әкесі де, шешесі де Қаныш Сәтбаев десек болады. Өңірдің кен байлығының болжам картасын жасаған ғұлама ғалым жылына 200 мың тонна мыс өндірілгенде Жезқазғанның кен байлығы жүздеген жылға жететінін дәлелдеген-тін. Ал, «Қазақмыс» басшылығы 2012 жылдары кен қоры әуелде 10 жылға, одан кейін 20 жылға жетеді деп жұртшылықты алаңдатып қойды. Сол кезеңде жоғары білікті көптеген мамандар басқа жақтарға қоныс аударып кетті. Сондықтан өңірдің келешегін дұрыс болжай білу де өте маңызды. Мені Жезқазған өңірінің болашағы қатты толғандырады. Қазір мыс кені болғанымен, оның да қорының белгілі шегі бар. Негізінде, бірыңғай мыс өндірісіне қарап отыруға болмайды. Бірде, 1969 жылы болуы керек, Қарағандыда археолог ғалым Әлкей Марғұланға кездестім. Сонда: «Жезқазған бай ғой. Горкомдағы Кәкімбек Салықовқа сәлем айтшы. Алашахан, Жошыхан кесенелерінің кірпішіндегі глазурь, ғаныш сияқты минералдық шикізаттарды да сол жерден өндіріп алуға болады» деп еді. Осының өзі жолын тапса басқа да өндірістер ашып, өңірді дамытуға болатындығының бір мысалы. Көзін тапса бұл өңірде мүмкіндіктер аз емес. Мәселен, жұртшылық Қызылорда жолының салынуына үмітпен қарауда. Одан соң Арқалыққа қарай жол тартылса. Өңірдің тынысы кеңейіп, тіршілігі жандана түсері анық. Табиғи байлықтарымызға жанашырлықтың кеміп бара жатқаны да алаңдатады. Ұлытаудың Арғанаты бойындағы Кішкенекөл, тағы басқа көлдерге бұрын қоқиқаздар қаптап келіп қонатын. Ана бір жылдары корпорациядағылар көлдің айналасын қоршап тастаған соң осы құстар келмей қалды. Халықаралық келісім бойынша құстардың жолы, қонатын жерлері кедергісіз ашық болуы керек. Мұны айтып отырғаным, кезінде «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығын құру жөніндегі ұсыныспен жоғары жаққа бірнеше рет барып жүріп, 1990 жылы Үкімет қаулысының қабылдануына қол жеткізген едім. Орталық Комитеттің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков біздің ұсынымызға қолдау танытып, айтарлықтай көмегін бергені есте. Ол уақытта облыстық Кеңес төрағасының орынбасары қызметінде болатынмын. Бұрынғы Қарағанды политехының филиалы болып келген тау-кен технологиялық институтының ашылуына да осы қызметте жүргенімде мен мұрындық болдым. Торғай облысы жабылғанда облыстық атқару комитетінің төрағасы Хамзе Жұмабековпен бірге драма театрды Жезқазғанға шақырып, орналастыру жөніндегі көп жұмыстарды да қолдан өткердік. Өңіріміздің одан әрі дамуында өзіндік орны бар осындай игіліктерімізді сақтап, бағалай білсек деймін. Қоғамдық кеңестің қозғар мәселелері де осы жайлармен өзектес.

## Ұлт ұйысса – ұтары көп

***– Сәке, сексеннің сеңгіріне келіп отырсыз. Нағыз ақсақалдық белеске шықтыңыз. Құтты болсын дейміз! Енді бүгінгі күні қазақтың қариясын не толғандыратынын білгіміз келеді?***

– Адам үлкейген сайын өткен кезеңдер ойға түседі, көп нәрселер алаңдатады. Ең әуелі мені қазақтың ұлт болып қалыптасуының жайы көп толғандырады. Рухани жаңғыру біртұтас қазақ халқын қалыптастыру міндетін алға қойды. Біз орыстың да, немістің де қазақшылыққа бейім болғанын тәуір көреміз. Өзіміздің қазақтарға келетін болсақ, жүзге, руға бөлінуден әрі аса алмай жүр. Біртұтас қазақ халқының өкілімін деуден гөрі руын алға тартып, жіктелуге бейім тұрады. Патша заманындағы рушылдықты қоздырып, бір-біріне қарсы қою саясатының салдары ма, білмедім. Біз қайта одан сабақ алуымыз керек еді. Әрі кетсе біздің қазақ «ана балама қызмет алып берсем, үй әперсем» деген пендешілік тірліктен аспайды. Елдік мүддеге келгенде аспаннан, немесе Үкіметтен дәметіп, шегіншектей береді.

Негізінде қазақ – ұлы ұлттардың бірі. Мынадай алпауыт орыс пен қытай елінің арасында жұтылып кетпей өмір сүруі ұлттық рухының мықтылығынан. Кешегі өткен замандағы Бөгенбай, Қабанбай сияқты батырларымызды еске алайықшы. Олар «бөлен рудың жері үшін» деп атқа қонған жоқ. Жалпы қазақтың жері үшін, елі үшін дұшпандармен айқасты. Әр өңірдің, әр жүздің ерлері ел мүддесі үшін бірлесіп күресті. Соның арқасында қазақ осындай ұланбайтақ жердің иесі болып отыр. Біз ұлт болып ұйысып, болмысымызды сол ата-бабаларымыздың деңгейіне жеткізуіміз керек. Бұған жетпесек, жемқорлықты да, дара-дара бөлінуді де жеңе алмаймыз. Рулық ұсақ-түйектен арылып, ұлттық дәрежеге көтерілуімізге ақсақалдар жол басшы болса деймін. Жол көрсетіп отыратын зиялы қариялар, абыз ақсақалдар баршылық.

Рухани жаңғыру дегенімізді – ұлттық жаңғыру деп түсінген жөн. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласында тарихи сананы жаңғырту мәселесінің түйінін ашып көрсетіп берді. «Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді», – деді. Халқымыздың алдында Тәуелсіздігімізді нығайтып, баянды ету міндеті тұр. Қариялардың да бүгінгі арман-тілегі осы. Бұл жолда ұлттық негізімізді сақтап, түп-тамырымыздан ажырамаудың маңызы зор. Рухы биік елдің іргесі де берік болады.

**Амандық РАХҰЛЫ**

# Парасат бигінде

Әлі сергек, әм сақ бір шоқып екі қарайтын Сағындық Қожамсейітов ағамыз сыйлықтан гөрі сыйластықты қымбат көреді. Өзін-өзі тежеп, сабыр сақтап, үнемі ақылға жол беріп отырады. Айтатын сөзін, жазған жазуын он ойлап, бір-ақ тұжырымдайды. Ешкімге жағымсыз мінез көрсетіп, дауысын көтеріп қатты сөйлемейді. Халықпен тіл табысып, асықпай, бөлмей тыңдап әдептілік сақтауға машықтанған. Көп тыңдап, аз сөйлейді, әліптің артын күтіп, көркем мінез, парасаттылық көрсетіп отырады. Жарқырап көзге түспей, өзін басқалардан жоғары қоймай, менмендік танытпай, сабырлылықты ұнатады.

Көп оқиды, еңбекқор, іздемпаз, жаңалыққа жаны құмар, қол қусырып отырмай бір істі тындырып отырады. Талғамы жоғары, ой өрісі биік, энциклопедиялық терең білімді. Алдына үлкен мақсат қойып, терең ойды әбден пісіріп іске асырғанды жөн көреді. Қазақтың көкірегінде көзі бар ақсақалдарымен көп араласып, сұхбаттасып, ұлы даланың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тәрбиесін, өмір салтын, егжей-тегжей білетін қаламгер.

Біреуді жамандап, өтірік айтып, көреалмаушылық, қызғаншақтық көрсетуден табиғатынан аулақ жүретін адам. Жастайынан буыны қатпай еңбекке араласып, саясаттың ең төменгі сатысынан жоғары сатысына дейін, өзінің еңбегінің, маңдай терінің арқасында жеткен нағыз істің адамы. Саясаттың жілігін шағып, майын ішкен, сондықтан солақай саясаттың суық желі қай жағынан соғып, аязы қалай қысатынын көріпкел әулиелердей болжап біліп отырады. Кешегі Совет заманында ұлт мәселесіне тиісті ойын үлкен жиындарда айқайлап айтпаса да, оның ұлт алдында ары таза, ұлттық рух қазанында қайнап тұр. Көпті көрген, жақсы-жайсаңдармен табақтас болған, ғалым тарихшыларымен, өлкетанушылармен, жазушылармен, философтармен терезесі тең әңгімелесе алады. Оның өмірді түсінуі, көзқарасы өзгелерге ұқсамайды. Егемендікті мәңгі ұстап ата-бабалардың аманатын келесі ұрпаққа аманат ету үшін, ат төбеліндей қазақты ру-руға, жүзге, сай-сай, төбе-төбеге, жерге бөлмей ынтымақ пен береке-бірлікке шақыру. Туған жерге, елге тер төгіп көркейту көптің артында қалмай, алдыңғы топтан көріну. Талантты жастарды төбесінен ұрып, жағасын жыртпау, қолдан келсе жол сілтеп, көмектесу. Оның түсінігі – терең білім, ақыл, әдептілік, тәртіп жоқ жерде демократия дамымайды, жетістікке жетудің, көркеюдің ауылы алыс. Ақырғы 15 жылдың ішінде жарыққа шыққан 8 кітабы мен бірнеше өзекті мақалаларынан қасиетті ұлт ұясы Ұлытаудың, жер кіндігі Жезқазған, қарашаңырақ Қарсақбай өңірінің өткені мен бүгінгі тіршілігі туралы жазғандары өңірдің әлем өркениетіне қосқан үлесі мен келешегі оқыған саналы ұрпаққа ой саларға сөзсіз.

Сағындықтың елі мен жеріне әлі берері көп, оның білгендерін қауғалап ала берсең таусылмайтын бұлақ. Кейінгі жас осы алдыңғы толқын ағалардың жолын, ісін үлгі етсе, ұтпасақ, ұтылмаймыз. Текті бабалардың ұрпақтары бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып, ар-намысына тырысып, көштің артында қалмай, келешегі жарқын туған өлкесін көркейте беретініне менің де сенімім мол.

**Туғанбай ЖАНЫСБАЕВ,**
**медицина ғылымдарының кандидаты,**
**жоғарғы санатты дәрігер,**
**Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі**

# «МЕН ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЗЫМЫН ЖАЛЫНДАҒАН...»



*Сұрайсың-ау білгің кеп халімді, адам,*
*Мен қазақтың қызымын жалындаған.*
*Жетіп жүріп қиындық көрсем дағы*
*Басымды иіп ешкімге жалынбағам.*

*Қиындықты жасымнан көп көргенмін,*
*Сағыныште жүректен өткергенмін.*
*Болашаққа болжаммен аттанып ем*
*Көрдім бүгін жемісін төккен тердің.*

Ақын **Ү. ТРАЙСОВА**

Жер жәннәті Жетісу өңірінде дүниеге келіп, өлең-жырды өміріне серік етіп, өзінің тамаша өлең жырларымен қазақ поэзиясының аспанын биіктетіп, көкжиегін кеңейтіскен талантты лирик ақын апамыз, Іляс Жансүгіров атындағы байқаудың жүлдегері, архивтегі №678-жеке тектік қор иесі Үміткүл Олжайқызы Трайсова бүгінде 70 жасқа толып отыр.

Үміткүл Олжайқызы Трайсова 1951 жылы 5 наурызда Жоңғар Алатауы етегінде орналасқан табиғаты тамаша, ауасы саф, көркі көз сүйсіндіретін Аманбөктерде дүниеге келген. Ақын апамыз өзінің туған жеріне деген сағынышын «Туған жерге» деген өлең жолдарында былай сипаттайды:

*Төгетін ана мейірім-шапағатын,*
*Бір жер бар «Аманбөктер» деп аталатын.*
*Бір уыс топырағыңнан айналайын,*
*Сөнбейді саған мәңгі махаббатым.*

*Келемін туған өлкем кезуменен,*
*Ояныт махаббат пен сезім деген.*
*Елестеп балалық шақ бал дәуренім,*
*Жолдар-ай қуаныштан көз ілмеген.*

Әкесі Олжай Семей жерінен 18 жасында яғни 1930 жылы «Кіші Қазан» дүрбелеңінен бас сауғалап, Алакөлді жағалап, Сарқан, Екіаша арқылы Жоңғар Алатауының ең биігі Аманбөктерге қоныстанған, сондай-ақ Олжай әкей Ұлы Отан соғысы жылдарында Великие Луки қаласында (Псков облысы) аға сержант шенінде соғысқа қатысып жараланады. Кейінірек жараланған жауынгер елге оралып, ауылда жұмысқа орналасады. Совхоз бидайын ауыл халқына бергені үшін екі айға қамауға алынады. Сол уақытта төрт жасар Үміткүлдің екі көзі көрмей қалады. Қолына гармон алып:

*Қара гармон тарта-тарта,*
*Талдау менің білегім.*
*Сол папамды ойлай-ойлай,*
*Талдау менің жүрегім,* – деп өлең айтып ауыл адамдарын жылатқан екен.

Үміткүлдің анасы Сара есін білер кезде қайтыс болады. Бәйбішесі қайтқан соң, әкесі екінші рет үйленіп, екі ұлы дүниеге келеді. Оларды Дауылбай және Боранбай деп атайды. Үміткүл 7-сынып оқып жүргенде әкесі қайтыс болады да, көп ұзамай інілері де өмірден өтеді. Үміткүл Олжайқызы жастайынан өмірдің талай өткелдерінен өтіп, тағдырдың да тауқыметін көріп өсіп, қиындыққа еш қайыспаған қайсар қыз болашақтан үлкен үміт күтті.

1969 жылы Сарқант қаласында Абай атындағы мектеп интернатты тәмамдап, алғашқы еңбек жолын Алматы облысы Ақсу ауданы «Еңбек» совхозында клубтың меңгерушісі болып бастаған.

Ү.Трайсова 1970 жылдан бастап 1973 жылға дейін Алматы қаласындағы №2 баспаханада жұмыс істейді.

1971-1972 жылдары Алматының есептік-бухгалтерлік мектебін бітіреді.

1974 жылы Жезқазған қаласына қоныс аударып, Қ.И.Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургиялық комбинатына төртінші разрядты түптеуші (переплетчица) ретінде жұмысқа қабылданады. 1975-1980 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша сырттай бітіріп, орыс мектебінде қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі біліктілігін алады.

1979 жылы Жезқазған педагогикалық институтына қарасты №1 жатақханада комендант болып еңбек етті.

1988 жылы Жезқазған қаласының №1 орта мектебінде директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, сондай-ақ осы жылы Жезқазған қаласындағы байланыс бөлімінің жабдықтау орталығында жұмыс істеді. Қаршадайынан сөз құдіретін түсініп, қазақтың қара өлеңіне қанат бітіріп келе жатқан Үміткүл апай өлеңді жастайынан жазса да, ешқандай жерге жарияламаған, тек 1994 жылы 21 желтоқсанда «Сарыарқа» газетінде алғаш рет жарияланады. Міне, содан бері ақ қағаз бен қаламды жанына серік етіп келеді. Табиғатпен үндескен сезімге бай лирикалық өлең-жырлары «Сарыарқа», «Мысты өңір» газеттерінде жиі жарияланып көпшілік көңілінен шықты.

1995 жылдан бастап Жезқазған облыстық халықты әлеуметтік қорғау мекемесінде шаруашылық бөлімінің меңгерушісі болып, кейін бухгалтерлік бөлімнің бас маманы, сондай-ақ Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік орталықтың әлеуметтік қызметкері болып, зейнеткерлікке шыққанға дейін еңбек етті. 1999 жылы «Жолдар» дастанын жазды. 1999 жылы Алматы «Алқа» баспасы «Кеңгірдің кербез толқыны» атты жыр жинағына, 1999 жылы «Қазақтың Қаныш-аға жер иесі» атты жыр жинағына, 2003 жылы «Жыр арқауы – Жезқазған» атты жинаққа, 2013 жылы «Алдымда менің ақ сәуле» атты жезқазғандық ақындардың жаңа өлеңдерінің І-ші жинағына, 2014 жылы Қарағандының 80 жылдығына арналған «Арқаның ақ таңы», 2017 жылы «Жаңа өлеңмен жүздесу» атты жезқазғандық ақындардың жаңа өлеңдерінің ІІ-ші жинағына Ү.О.Трайсованың жырлары енді.

Зейнеткерлікке шықса да, қолынан қаламын тастамаған Үміткүл Олжайқызының шығармашылық еңбектері баршылық. Өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, айтар ойын анық жеткізе алатын Үміткүл Олжайқызының өлеңдері шыншылдығымен құнды. Ақынның 2001 жылы Омбыдан «Бақыт бағы» атты, 2003 жылы Алматыдан «Құлагер» баспасынан «Жұлдыз ғұмыр» атты, 2007 жылы Алматы қаласындағы «Елшежіре» баспасынан «Сарқырама» атты жыр жинақтары жарық көрді. Кітапқа енген өлеңдерінде ақынның дүниетанымы, жүрек лүпілі, жан сезімі, туған елі мен өскен ортасына ынтызарлығы айқын сезіледі. Өз туындыларында автор замандастарының кескін-келбетін, ой-арманын, нәрлі тілмен нәзік те сыршыл қалыпта өрнектей білген. Сондай-ақ өнер сүйген абзал жан Үміткүл Олжайқызы әдебиет, өнер саңлақтары Асанәлі Әшімовпен, Марфуға Айтқожинамен, қарымды қаламгерлер Мұхтар Мағауинмен, Бексұлтан Нұржекеевпен, Қуаныш Ахметовпен, Кәкімбек Салықовпен тығыз шығармашылық байланыста болған. Абзал ақын, ақжарма күйді жүрегінен мөлдірете білген Үміткүл Олжайқызы белгілі тұлғаларымыз Іляс Жансүгіровке, Қаныш Сәтбаевқа, Қадыр Мырзалиевке, Кәкімбек Салықовқа, Мұхтар Шахановқа, Асанәлі Әшімовке, жетісулық ақын Сараға, Ільфа Іляясқызы Жансүгіроваға, Марфуға Айтқожинаға, Мәдина Ералиеваға, Бекболат Тілеухановқа, жезқазғандық жерлестері Жақсыгелді Сейіловке, Қуаныш Ахметұлына, Жұмамәді Ибаділдаұлына, Жұмағали Наурызбаевқа, Әбдірахман Досановқа, Бек Өмірбекұлына, Береке Көшеновке, Байғара Садуақасовқа, Богдан Қамысханұлына, ақын Зулпа Супьянқызына, Зәбира Әбеноваға, тағы басқаларға арнау жырлар жазып, жыр сүйер қауымды жырымен сусындатқан.

Белгілі ақын, драматург, қоғам қайраткері Іляс Жансүгіровтің әдеби бай мұрасын дәріптеу, насихаттау мақсатында 2000 жылы «І.Жансүгіров қоры» құрылған болатын. Бұл қордың негізін салушы Іляс Жансүгіровтің қызы Ілфа Іляясқызы Жансүгірова-Жандосова болды. Осы қор аясында Іляс Жансүгіровтің архив деректері негізінде өмірбаяндық кітаптары, сондай-ақ араб графикасында жазылған өлеңдері аударылып, баспадан қайта шығарылды. 2006 жылдан бастап, қазірге дейін І.Жансүгіров қорының Президенті Ажар Жандосова болып отыр. Үміткүл Олжайқызы 2003 жылдың 1 мамырынан бастап осы қордың мүшесі. Жасампаз ақын Іляс Жансүгіров шығармашылығына қолдау көрсетіп және насихаттағаны үшін ол 2003-2004 жылдары Іляс Жансүгіров қорының президенті, ақынның қызы Ілфа Іляясқызы Жансүгірова-Жандосова қол қойған арнайы дипломдарымен марапатталған.

2004 жылдан «Білім» компаниясының Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі.

Ал, облыстық мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім департаменті 1999 жылы 16 қазанда «Байқоңыр дауысы» атты Х аймақтық фестиваль аясында өткізілген жас ақындардың «Өнерлі жүректер жалыны» атты кездесуге белсене қатысқаны үшін, сондай-ақ 2017 жылы Жезқазған қаласы әкімінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Жаңа өлеңмен жүздесу» жобасының арнайы жүлдесімен марапатталған.

Үміткүл Олжайқызы отағасы Иманәлі Исабаев екеуі 47 жыл тату-тәтті өмір сүруде, Саят атты ұл мен Маруана атты қызды өсіріп жеткізіп, Ильфа, Айару, Сара атты немеренің әжесі мен атасы атанып отырған үлгілі де, өнегелі отбасы.

Үміткүл Олжайқызы – дарынды ақын, бақытты ана, адал жар, аяулы әже. Оған қандай құрмет көрсетсе де жарасады. Шығармаларының дені туған елдің тұмадай таза, мөлдір табиғатын суреттейтін лирикалық өлеңдер. Шоқтығы биік туындыларының қатарында адалдыққа, туған жерге, махаббатқа негізделген көптеген толғаулары да бар.

Үміт арқалаған ақын апамыз Үміткүл Олжайқызы, мерейлі жасыңыз құтты болсын! Алда әлі талай асулар мен бел белестер бар. Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деніңіздің саулығың, отбасының амандығын, қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз. Абыройыңыз асқақтай берсін дей отырып, іңкәрліктен туған өміршең шығармаларыңыз мәңгілік жасасын демекпіз!

**Гүлзат ЖАКЕЕВА,**
**Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві әдебиет, өнер, жеке қорлар және ақпараттар мен құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің архивисі**

### АҢСАДЫМ

Аңсадым жаным, ауылдың сұлу кештерін,
Салқындау самал аймалап баяу ескенін.
Жанымды менің мазалап жүрген сағыныш,
Келіпті бүгін кербезім – асыл көктемім.

Аралап жүрмін алқабын балғын бақтардың,
Сырымды сыршыл құстарға айтып ақтардым.
Сезімді серпіп тұтатқан өртін лаулата,
Қызығын қимай қиялға ұқсас шақтардың.

Ойладым шақта қарсы алып тұрар жыл құсын,
Даланың әсем келбетін салған гүл мүсін.
Көгілдір көктем, көлеңке түскен сәттерде,
Арудың бейқам сағынып келем күлкісін.

Қимадым осы өмірді өткен дүрмекпен,
Жанымды шалқып шайқала басқан гүл-көктем.
Алаулап атқан таңдармен жаным сырласып,
Сағына жүріп туған жер саған жыр төккем.

Көгеріп маңай, өзгерген мынау бар әлем.
Жанымды тербеп шалқиды әсем ән-әуен.
Көрікті кербез сызыла басып қыз көктем,
Аяндай келіп қауыштың сұлу даламен.

### ҒАШЫҚ ӘН

Көңілім теңіз, айдыннан шығып тасыған,
Талпынып биік алысқа қарай асығам.
Өмірге деген құштарлық мынау икемдеп,
Жазылып жатыр жүректен шығып ғашық ән.

Таңым да сұлу, атыпты бүгін арайлап,
Жайқалып, жайнап сызылып тұр-ау бар аймақ.
Жүгіре басып белеңді асып барамын,
Тұрсың ба, жаным, артымда менің қарайлап.

Күндердей мынау мәңгілік оты сөнбейтін,
Махаббат шіркін, жыр құмар болып өлмейтін.
Алыстап ойлар, арманым кетіп барады,
Тағдырға мынау алдамшы деумен сенбейтін.

### АСЫЛ АНАМ

Салқын лебі тағдырдың сезілді ме,
Еңсем түсіп еріксіз егілді де.
Қала бердім артында, қайран ана,
Көздің жасы көл болып төгілді де.

Шертпеуші едің, анашым, маңдайынан,
Ана сүті кетпеген таңдайымнан.
Сәби едім, артыңда жылап қалдым,
Тағдыр мені қатыгез жандай ұрған.

Не ойладың, жан анам, білемін мен,
Түсінемін өзіңді жүрегіммен.
Айрылыппын балалық балғын кезде,
Соңғы үміт, аяулы тірегімнен.

Өлгеніңе мен сенің сене алмадым,
Тосын келген ажалды жеңе алмадым.
Бала едім, есін де шала білген,
Келер деген үмітпен мен алдандым.

Кеттім, ана, бүгінде өз бетімен,
Есеюді мен үшін тездетіп ең.
Сәбиіңдей еркелеп бір қуандым,
Түсімде сен, анашым, кездесіп ең.

Жасқандырмас ешкімнің өктем үні,
Түсінемін кей кезде өкпеліні.
Ойға батам, сағынып асыл анам,
Өмір маған шуағын төккен күні.

### ТҮНГІ СУРЕТ

Дүниден өтсе-дағы көрмей тыным,
Бір жұлдыз таңдап барам сөнбейтұғын.
Кім келіп, кімдер кетпес бұл жалғанға,
Бар ма адам бұл өмірде өлмейтұғын.

О, ғажап неткен таза, ауа тұнық,
Тұр мынау гүлдеріме дала тұнып.
Керденңдеп сылаң қағып Ай келеді,
Ұйқыдан есеңгіреп жаңа тұрып.

### *Үміткүл ТРАЙСОВА*

Құлпырып түкті кілем жамылғандай,
Тіршілік бір өзіңе бағынғандай.
Биік-биік жоталар, сай, жыралар,
Тәкаппар сұлулыққа табынғандай.

Ай сәулесі төгеді жерге нұрын,
Түн жамылып маужырап ой мен қырың.
Отыз адам өзіңді сүйіп өтсе,
Мен боламын, туған жер, отыз бірің.

Қиялға батқандай-ау сұлу бейнең,
Таза ауа, дем алады бір сәт кеудең.
Жап-жасыл құрақтарың жел тербетіп,
Сусылдап шешілгендей жібек жейдең.

Көгеріп хош иісті аршаларың,
Басылар иіскегенде шаршағаның.
Туған жер, саған деген махаббатым,
Көңілін тапқандай-ау барша жанның.

Қарағай тау жықпылын саяладың,
Тарыққанда паналар сая бағым.
Тербелдім самал желмен бесігіңде,
Баладай әлпештедің, аяладың.

### ҚЫЗ-ҒҰМЫР

Сағынып жаным, көктемгі гүлге қарадым,
Ойлана басып, толғана басып барамын.
Көгілдір дүние, көгілдір таулар әдемі,
Ақ жібек әлем – көркі боп сұлу даламның
Сағынып жаным, көктемгі гүлге қарадым.

Ойланып тұрдым жақпарлы тасқа сүйеніп,
Көңілге бір сәт сыңғырлай сылқым күй еніп.
Ыстық-ау маған сұлу да, сыршыл қыз-ғұмыр,
Жарық күн сені сол үшін мәңгі сүйемін
Ойланып тұрдым жақпарлы тасқа сүйеніп.

Шуағын төгіп, қыр асып келеді таң күліп,
Тауларым жатыр күмбірлі күймен жаңғырып.
Ақ қарлар жапқан ақ басты шыңға қарашы,
Махаббат жыры жазылып тұрған мәңгілік
Шуағын төгіп, қыр асып келеді таң күліп.

Көгілдір таңға көгілдір әсем гүл тұнды,
Мазалап жанды ойлар да самғап мың түрлі.
Толқыған жүрек, толқынмен бірге жарысып,
Алысқа қарай белгісіз жаққа ұмтылды
Көгілдір тауға, көгілдір әсем гүл тұнды.

Ұмытпай келем, дариға-жүрек жалғанда,
Ойланып тұрам, осылай жалғыз қалғанда.
Қырларда сонау іздері қалған қыз-ғұмыр,
Қол созып тұрған мөп-мөлдір тұнық арманға
Ұмытпай келем, дариға-жүрек жалғанда.

### ЖЫР БЕСІГІМ – ЖЕЗҚАЗҒАН

Қандай әсем, шіркін-ай, жырлы көктем,
Сырлы көктем, сұлу күн нұрын төккен.
Бал шырынды қым-қиғаш тіршілігім,
Мен ғашықпын өзіңе шын жүректен.

Тал бойынан туған жер өріпті арман,
Жас қайың да көгеріп, өніп қалған.
Гүл – үміт, жұмақ қала – Жезқазғаным,
Басына бақыт құсы келіп қонған.

Ғажап-ау, ғажап, ғажап, гүл мекенім,
Бақ-шабыт, толқын жырмен бірге екенмін.
Көңіл-ой, қиял-қанат, арман-асу,
Қуалап жыршыл ғұмыр мен кетермін.

Жыр-бесік, алтын ұям, өр-өткелім,
Өзіңе махаббатым бөлек менің.
Тербелтіп таң шуақтың аясында,
Келесің ұлы далам демеп мені.

Көрініп көкжиектен албырт күнім,
Ақындық ар-намысым жаңғыртты үнін.
Мен саған қарыздармын Жезқазғаным,
Ұсындың көктем сайын бақыт гүлін.

*(Өлеңдері Жезқазған қаласының мемлекеттік архивінің №678-ші Ү.Трайсованың жеке тектік қорынан алынды).*

АЗАМАТ АЖАРЫ

# ЕШКІМ МАҚТАМАЙТЫН ЖІГІТ

***«Өзімен-өзі жүреді». «Ешкіммен шатағы да жоқ, ешкімге зияны да жоқ». «Тұнып аққан су да бір, бұл да бір». «Бар-жоғы білінбейді». Кейде кейбір азаматтарға осындай мінездемелер беріліп жатады. Олар туралы бар мақтау-марапат осымен тәмәмдалады. Біз сондай азаматтың бірі туралы сөз еткіміз келді. Оның есімі – Марат Доғалбайұлы ЕСПАЕВ. Сәтбаев қаласында тұрады. Кезінде кенші болған. Қазір денсаулығына байланысты еңбек демалысында. Кенші болғанда...***

«Ол әскердкен оралысымен Шығыс Жезқазған кенішіне қарасты 57-бис шахтасына кен қопарушы болып орналасты. Ә дегеннен-ақ тиянақтылығымен көзге түсті. Артық-ауыс сөзге жоқ, берілген тапсырманы тап-түйнақтай етіп орындайтын оған бәріміз де ризашылықпен қарайтынбыз. Әсіресе, забойшылар оның ісіне көп сүйсінетін. Өйткені, ол өзінің жұмыс орнын тап-таза етіп тазалап, забойшыларға дайындап кететін. Қопарушы дегеніміз орысша «взрывник» қой. Қазақша кейде «дәрі аттырушы» деп те атайды. Қопарылған жерді дұрыс жинамай кететін қопарушылар да баршылық. Бұл жағынан келгенде Мараттың мақтау естімеген кезі жоқ -ау...». Сақтаған Атабаев осылай дейді. Ол кім? Өмірінің елу жылдан астамын кен өндірісіне арнаған ардагер кенші. Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы. Шығыс Жезқазған кенішіне қатардағы кен шебері болып келіп, кейін әртүрлі жауапты қызметтер атқарған, шахта бастығы, кеніштің кәсіподақ комитетінің төрағасы болған бұл ағамыз да артық сөзге жоқ. Ешкімді артық мақтап не орынсыз даттап отырғанын көрмейсің. Ретімен, жөнімен сөйлейді. Сондықтан да ғой біздің Марат Еспаев туралы нақ сол кісіден сұрағанымыз. «Кеншілердің көбісі тек жұмысты ғана біледі. Кітап оқуға көңіл бөле қоймайды. Ал, Марат әңгімелесе қалғанда білімділігін де байқатып қалатын. Онымен әртүрлі тақырыпта ой бөлісуге болатын еді. Өзі сол білетіндігін жария етуге ұмтыла қоймайтын.

Адамгершілігі де зор. Ешкімге зияны тигенін, біреуге қиянат жасағанын естімеппін. Денсаулығы сыр берді де, жұмыстан шықты. Әйтпесе, ол маңдайалды мақтаулы кенші болар еді» деген Сақтаған ағамыз осылайша біз «ешкім мақтамайтын жігіт» деп айдарлап отырған азаматтың аяқ қолын жерге тигізбеді. Білгесін, байқағанын айтқаны.

Марат Еспаевтың әкесі Доғалбай кезінде Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге Теміртау Магниткасын дамытуға ұмтылған алғашқы қазақ жастарының бірі еді. Алыстағы украин жерінде оқуға барған Нұрекең топтың старостасы болса, Доғаң комсорг болған екен. Тағы да Сақтаған ағамыздың айтуынша, «Доғалбай Еспаев та өте білімді, білмейтіні жоқ, бірақ, сөзге араласа бермейтін, өз ісіне маман кісі еді. Әркімнің өміржолы әртүрлі қалыптасады ғой. Ол кісінің тағдыры қиындау болды».

Ал, анасы Зейнеп Әбілбекованы аймақ халқы жақсы білуге тиісті. Өлең -жырлары кезінде жергілікті газеттерге жиі жарияланатын. Шахтада машинист болып еңбек етті. Сол еңбегінің арқасында СОКП XXVI съезінің делегаты болды. «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.

Съезд демекші... КСРО тәрізді әлемдегі алып мемлекеттің алдағы бес жылғы даму, өркендеу жобасы партияның съезінде талқыланып, бекітілетін. СОКП XXVI съезі 1981 жылғы 23 ақпан-3 наурыз аралығында өтті.

Міне, мынау Қызылтулы Солтүстік флоттың «На страже Заполярья» дейтін газетінің 1981 жылғы 28 ақпандағы шығарылымы. Газеттің бірінші бетіне жарияланған «Слово матросской матери» деп аталған мақала біздің бүгінгі кейіпкеріміз туралы. Сол кезде Марат Еспаев Солтүстік флоттың бір короблінде әскери азаматтық міндетін атқарып жүрген болатын. Газет тілшісінің тапқырлығы сондай, ол делегаттардың арасынан Зейнеп Әбілбекованы тауып алып, Баренцево теңізінде жүзіп жүрген корабльдегі Маратпен телефон арқылы байланысқа шығарады. Өзі Мараттың қасында отырады. Сол мақала авторы да Мараттың әріптестері арасында беделді, абыройлы, командирлерінің оған деген көзқарастарының оң, пікірлерінің жоғары екенін жеткізеді.



«Марат әскери-саяси жағынан өзін өте жақсы көрсете білді. Сондықтан да, оған «аға матрос» атағы берілді» дейді тілші Зейнеп тәтемен әңгімесінде. Ал, ана үшін бұдан артық бақыт бар ма? Мәскеудің төрінде отырып ашық теңізде Отан қорғау қызметінде жүрген перзенті туралы осындай сөз есту қандай мәртебе?! Анасының жүрегінің жарылып кетпегеніне шүкір. Мұндай қуанышқа кенелткен ұлдан айналып -ақ кетпейсің бе?

Әскерге шақырылғандар арасынан теңізшілер қатарына ең мықтылар іріктелетін еді ғой. Демек, Мараттың сол талаптарға сай келгені. Бұлай болатын жөні де бар еді. Ол кішкентайынан күреске қызықты. Секцияға қатысты. Қолы қалт етсе спортзалдан шықпайтын. Қара терге малшынып жаттығу жасаудан жалықпайтын. Ұстасқанын жықпай қоймады. Облыстық, республикалық құрамаға алынды. Оқушы кезінде сол күрестің арқасында кешегі Кеңес Одағының түпкір -түпкіріне барды. Жеңістің Жалауын желбіретіп оралып жүрді. «Бірыңғай күреспен айналысып кеткенде, әлде қайтер еді..» дейді Зейнеп тәтеміз.

Әскерден оралысымен шахтаға түсіп, кеншілік жолды қалады. Содан денсаулығына кінәрат түсіріп алды. Қазір зайыбы Шара екеуі бала -шағаның ардақты ата -аналарына айналып жүріп жатқан жайлары бар. «Баласы өзінен артық болса ата -ана – бақытты» дейді ғой. Сол айтпақшы, балалар заманға сай білім алған, ешкімді әке, көкелемей-ақ қызметке орнығып, өз істерін дөңгелетіп жатыр. Бұл әрине, перзенттеріне сондай жол көрсете білген әкенің, ананың еңбегінің ақталғанын көрсетеді.

Міне, Марат деген ердің жасы елуге келген азамат туралы қысқаша сөз осы. Ал, тақырыптың қайдан шыққанын айта кетсек, бұл Мараттың анасы Зейнеп тәтеміздің «Менің Маратымның қолынан келмейтіні жоқ. Кез келген шаруаның ебін таба қояды. Шахтада да жаман істеген жоқ. Бірақ, тұзы жеңіл, ешкім мақтамайды өзін» деген сөзінен алынды.

Біз де негізі Маратты мақтағанымыз жоқ, тек ол туралы сөздің анығын ғана айттық.

**Абдолла ДАСТАНОВ**

*Сәтбаев қаласы.*

***2020 жылы тамыз айында Ұлытау тау массивтерінен бастап оңтүстік, оңтүстік-батыс және батыс бағытта, сонымен қатар Үлкен Жезқазған өңірінде археологиялық зерттеулер жүргізілді. Сәтбаев қаласы, Кішітау таулары, Қарсақбай өңіріндегі Ұлытау өңірінде, Жезді өзенінің орта ағысы мен Кеңгір өзені алабының маңы, Қара Кеңгір өзенінің төменгі ағысы мен орта ағысы, сондай-ақ өңірдің негізгі су бассейндеріне барлау жұмыстары жүргізілді.***

***Археологиялық барлау жұмыстарына А.Х. Марғұлан атындағы археология институтының ғылыми қызметкері Д.Байтілеу, Қ.И. Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік музейінің жетекші ғылыми қызметкері А.Бермағанбетов, «Ұлытау» тарихи-мәдени қорық-музейі және Мәкен Төрегелдин атындағы Жезді кентіндегі тау-кен балқыту ісі тарихы музейі ғылыми қызметкері А. Искаков қатысты.***



# ҰЛЫТАУ–ЖЕЗҚАЗҒАН ӨҢІРІНІҢ ПАЛЕОМЕТРИЯ ДӘУІРІНДЕГІ ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯСЫ

Ғылыми ізденістің негізгі мақсаты әр түрлі типтегі мыс кен орындарын оқшаулау заңдылықтарын белгілеу және палеометалл дәуірінде Жезқазған-Ұлытау өңірінде тау-кен металлургия өндірісі үшін мыс кенді ресурстарды игеру мәселелерін шешу, бір-бірімен тығыз байланысты екі негізгі бағытта зерттеулер жүргізуді жөн көрді. **Бірінші бағыт** палеометалл дәуірінің геоархеологиялық өндірістік объектілерін Жезқазған-Ұлытау тау-кен металлургия орталығының (ГМО) шегіндегі мыс кен орындары алаңында кешенді зерттеуге бағытталған, бұл одан әрі мыс металлургиясының қалыптасуы кезеңінде мыс кені қорларын игерудің ықтимал объектілері болып табылатын металлогендік кешендердің ерекшеліктерін анықтауға, сондай-ақ өңірдің минералдық шикізат әлеуетіне болжамдық баға беруге мүмкіндік береді. **Екінші бағыт** кенді металлургиялық өңдеу технологиясының ерекшеліктерін анықтауға және зерттеуге, сонымен қатар, қола дәуірінде аймақтың тау-кен металлургия орталықтарының жұмыс механизмдерін кейіннен реконструкциялау үшін металлургиялық өндіріспен байланысты Жезқазған-Ұлытау өңірінде жаңа археологиялық ескерткіштерді анықтауға бағытталған.

Барлау зерттеулерінің нақты орындарын таңдау XX ғасырда ғалымдар жүргізген ерте зерттеулермен алдын-ала анықталған. [Валукинский, 1949 а, б, в; Марғұлан, 1948, 1960; Марғұлан, Агеева, 1948; Марғұлан және басқалар, 1966; Сәтбаев, 1941, 1956). Одан әрі зерттеу перспективалары арасында Кішітау шатқалының шектерін, атап айтқанда, Қарсақбай ауылынан солтүстік-батысқа қарай 50 км жерде орналасқан Алтын-қазған II (Қарашоқы),(Екіаша) кен орнын атауға болады. Қ.И. Сәтбаев Алтын-қазған II кен орнынан ауданы 8×10 м$^2$, тереңдігі 2 м ежелгі карьерді тапты [1956, 43 бет]. Кішітау шатқалы аймағында пайдалы қазбалардың қазіргі кезеңде белсенді игерілуіне қарамастан, бұл аудан қола дәуірінің геоархеологиялық өндірістік объектілері мен археологиялық ескерткіштерін одан әрі зерттеу үшін маңызы зор болып табылады.





...сы (қола), сонымен қатар жерленген бала сүйектері (баланың сол жақ жақпен бүрісіп жатқан қаңқасы) табылған.

Табылған остеологиялық материал өте алуан түрлі және одан әрі арнайы зерттеуді қажет етеді. Бір қызығы, жануарлар сүйектерінің белгілі бір бөлігі тотығуға ұшыраған. Ертедегі көшпенділер кезеңінің мәдени горизонты аса қарқынды емес және керамика фрагменттері, үш жүзді жебе ұшы, остеологиялық материал сияқты сирек кездесетін мәдени қалдықтармен толтырылған. Террасаның батыс бөлігіндегі Балқан елді мекенінен басқа, жазықтың шағын төбеден...

Жезқазған және Сәтбаев қалаларының маңайындағы археологиялық нысандарды іздеу барысында, олардың басым бөлігін Н.В.Валукинский [1949а, б] анықтаған, сондай-ақ, Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының (Марғұлан, Агеев, 1948; Марғұлан, 2001] жұмыстары барысында зерттеліп, қола дәуірінің әртүрлі санаттарындағы геоархеологиялық өндірістік объектілер мен археологиялық ескерткіштердің басым бөлігі, өкінішке орай, қазіргі кезде қираған, немесе заманауи құрылыстар мен карьерлердің салынғаны анықталды. Тау-кен ісінің тас құралдарының бірлі-жарым сынықтары Сәтбаев қаласының маңайындағы Весовая кентінің оңтүстік шетінде ғана табылды. Весовая кентінде локализацияланған геоархеологиялық өндірістік объект болмаса қола дәуірінің археологиялық ескерткіші, өкінішке орай, апатты жағдайда және заманауи өндірістік қызметтің қалдықтарымен жабылған және қазіргі таңда археология ескерткіші ретінде сәйкестендіруге жатпайды. Өкінішке орай, ескерткіштердің осындай апаттық жағдайы Милықұдық, Сорқұдық, Покровский, Крестовский, Никольский және т. б. жерлерде тіркелген. Қ.И. Сәтбаев [1956] белгілеген ежелгі қазбаларды зерттеу мақсатында Жезқазған-Ұлытау аймағының батыс жартысының бірқатар орындары зерттелді.

Барлау жұмыстары барысында үлкен Жезді өзенінің орта ағысы бойында, Балқан шатқалында, Талдысай қола дәуіріндегі ежелгі металлургия қонысының танымал ескерткішінен солтүстік-батысқа қарай 10 шақырым жерде әр түрлі қоныс табылды. Көлемі 200×50 м құрайтын екінші жайылма үстіндегі террасаның шығыс бөлігінде кейінгі қола дәуіріндегі әшекейленбеген керамиканың айтарлықтай ұсақ фрагменттері табылды. Террасаның ортаңғы бөлігінде шартты түрде террасаны табылған заттар локализациясын екі участокке бөлетін тотыққан кеннің едәуір жинақталуы байқалады. Террасаның төбемен шектесетін Батыс бөлігінде, сондай-ақ өзеннің алқабында көптеген жануарлардың сүйектері, керамика фрагменттері, күл, тотыққан кен табылды. Бұл жерде ескерткіштің мәдени және хронологиялық сәйкестендірілуі үшін археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Балқан қонысындағы қазба стратиграфиясы ерте (қола дәуірі) және кейінгі (ерте темір ғасыры) екі мәдени горизонт бар екендігін көрсетті. Қола дәуірінің мәдени қабаты күлдің жекелеген қосындылары бар сұр саздақтан тұрады. Осы горизонттан тотыққан кеннің қалдықтары, керамиканың көптеген фрагменттері, күл және басқа да заттар табылды. Террасаның шетіне салынған қазба жұмыстарының сыртында, металл құйма-өту орнында тас құрылымдар табылған, этнографиялық уақытта жерленген болуы ықтимал. Ұқсас құрылымдар өзеннің қарама-қарсы жағында да кездеседі. Сонымен қатар, көтермелі материалдардың ішінде Орта ғасырлардағы станоктық керамиканың сирек кездесетін заттарын атауға болады. Қола дәуіріне жататын артефактілердің, ерте темір дәуірінің мәдени қалдықтарының, сондай-ақ Орта ғасыр кезеңіндегі керамика фрагменттерінің сирек кездесетін олжаларының болуы Балқан шатқалының қола дәуірінен бастап орта ғасыр мен этнографиялық уақытқа дейінгі ұзақ мерзімді қоныстануын бағалауға мүмкіндік береді

Қола дәуіріне жататын артефактілердің болуы, ерте темір дәуірінің мәдени қалдықтары, сондай-ақ Орта ғасыр кезеңіндегі керамика фрагменттерінің сирек заттары Балқан шатқалында қола дәуірінен орта ғасыр мен этнографиялық уақытқа дейін адамның ұзақ уақыт қоныстануын бағалауға мүмкіндік береді. Жалпы, Балқан шатқалының археологиялық материалы Жезқазған-Ұлытау ТМО туралы белгілі мәліметтерді зерттеу және корреляциялау тұрғысынан өте өзекті

2020 жылғы далалық зерттеулер, оның ішінде барлау жұмыстары және Жезқазған-Ұлытау өңірінің қола дәуірінің археологиялық объектілерін оқшаулаудың картасын жасау, ескерткіштердің белгілі орналасқан жерінің координаттарын көрсете отырып және алынған картографиялық материалдарды археологияның жаңа объектілері туралы ақпаратпен толықтыру өңірдегі ежелгі ескерткіштердің негізгі локализациясын анықтауға, сондай-ақ өңір бойынша әртүрлі санаттағы геоархеологиялық өндірістік объектілер мен археологиялық ескерткіштердің таралуы туралы белгілі мәліметтердің корреляциясын жүргізуге мүмкіндік берді. Жүргізілген жұмыстың алдын ала қорытындысын шығара отырып, геоархеологиялық өндірістік объектілер мен археологиялық ескерткіштерді зерттеуді жаратылыстану-ғылыми әдіснаманы қолдана отырып, кешенді ізденістер арнасында жалғастыру қажет екенін атап өткен жөн.

**Айдар ИСКАКОВ**

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*2021 жыл 19 ақпан № 2/20 Жезқазған қаласы*

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ПАЙДАЛАНЫЛМАЙТЫН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРГЕ ЖЕР САЛЫҒЫНЫҢ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІН ЖОҒАРЫЛАТУ ТУРАЛЫ

***Нормативтік- құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2021 жылғы 3 наурыздағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №6225 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ**:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Жезқазған қаласы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы С. ЖУМКИНА**
**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы С. МЕДЕБАЕВ**

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІ МЕН ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫСЫ ЖӘНЕ ШЕШІМІ

*2021 жыл 19 ақпан № 07/02 Жезқазған қаласы*

*2021 жыл 19 ақпан № 2/21 Жезқазған қаласы*

## КЕҢГІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ КЕҢГІР АУЫЛЫНЫҢ ШЕКАРАСЫН (ШЕГІН) БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

***Нормативтік- құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2021 жылғы 3 наурыздағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №6226 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

Кеңгір ауылдық округінің Кеңгір ауылының шекарасы (шегі) қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Жезқазған қаласының әкімі Қ. ӘБСАТТАРОВ**
**Сессия төрағасы С. ЖУМКИНА**
**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы С. МЕДЕБАЕВ**

*Жезқазған қаласының әкімдігі 2021 жылғы 19 ақпандағы № 07/02 мен Жезқазған қалалық мәслихатының 2021 жылғы 19 ақпандағы № 2/21 бірлескен қаулысы мен шешіміне қосымша*

## Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылының шекарасы (шегі)



*«Мәңгілік ел» болып қалыптасу жарқын болашаққа бастар жол болса, латын әліпбиіне көшу – уақыт талабы. Азияның кіндігінен ойып тұрып орын тепкен, бүгінде бірнеше елдермен бәсекелестік орнатып, терезесі тең тұрған, 18 миллион халқы бар бүтіндей бір мемлекетті бір ғасыр бойы қолданып келген «кирилл» қарпінен латын әліпбиіне көшіру – бір айда немесе бір жылда жүзеге аса салатын оңай іс емес. Мұндай үлкен жобаны іске асыру үшін біршама уақыт пен еңбектің қажет екендігі белгілі.*

# ЛАТЫН ГРАФИКАЛЫ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ МАҢЫЗЫ

Қазақ тілі – халқымыздың тарихымен астасып, тірлігімен тыныстап жатқан тіл. Тілдің құндылығы тереңде жатыр. Ол қоғам рухын, мәдениеті мен ұлттық кодын білдіреді. Қазақ тілінің латын графикасына көшу мәселесі ұлтты дамытудың объективті факторы. Латын – әлем өркениеті мен техникалық өркениеттің әліпбиі.

Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғырлы байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Біздің еліміз латын қарпін іс қағаз құжаттарында, әдебиет, мәдениет және басқа да барлық салаларда 1929-1940 жылдары пайдаланылғаны тарихтан белгілі.

Еліміздің латын әліпбиіне көшу ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Айта кетсек, солардың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды» деп айтты.

Көптеген ғалымдардың пікірін ескеретін болсақ, латын әліпбиіне көшу соншалықты қиындық тудырмайды. Біріншіден, латын әліпбиіне көшудегі негізгі ұтымдылық – тіл ауыспай, таңбаның ауысуы. Екіншіден, қарапайым тілмен жеткізсем, сөзді немесе дыбысты қалай естісек, жазылуын да солай жазамыз. Қазіргі кезеңде білім саласындағы жаңа реформаның жүзеге асырылуы да, яғни жаңартылған білім мазмұны осы латын әліпбиіне көшуде өз үлесін қосады деген ойдамын.

Біздің елімізде мемлекеттік тілді өркендету үшін латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғыру көрінісі болмақ. Латын әліпбиіне көшу арқылы әлемдік ғылымның, инновациялық және ғылыми-техникалық прогрестің игілігін еркін меңгеруге ықпал ететін болады, сол себепті барлық қазақстандықтар ұрпақ болашағы үшін осы реформаны қолдауы керек.

Тәуелсіз елдің негізгі белгілерінің бірі ретінде жазудың маңызы өте зор. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздің дыбыстық жүйелерін нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Көз – қорқақ, қол – батыр» деп дана халқымыз айтқандай, екі қолды сыбанып нақты нық қадаммен алға басайық!

**Ақгүл ОШАҒАНОВА,**
**«Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының латын графикасы бойынша оқытушысы**




# «ЕЛІНІҢ ЕЛЕУЛІ АЗАМАТЫ: ҰРПАҚҚА ҮЛГІ»

***5 наурызда Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің көрме залында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ауыл шаруашылығы саласының майталманы, еңбек ардагері Жұмаділда Қасымбекұлы Қасымбековке арналған «Елінің елеулі азаматы: ұрпаққа үлгі» атты көрменің ашылуы өтті.***

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ



«Елінің елеулі азаматы: ұрпаққа үлгі» жобасының ерекшелігі – Ұлытау-Жезқазған өңірінің дамуына және оның қалыптасуына үлестерін қосқан Ұлы Даланың ұландарын еске алу және олардың өнегелі өмір жолдарын насихаттау.

Жұмаділда Қасымбеков 1946 жылы 5 наурызда Ұлытау ауданындағы Қарсақбай мен Жезді кеніштерінің арасындағы Бала Жезді өзені бойында, Тілеулі елді-мекенінде дүниеге келген.

Әкесі Қасымбек Өтебайұлы – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшысы Әбдіқапар Жанбосынұлының жиені. Жұмаділда Қасымбекұлы 1962 жылы №1 Қарсақбай орта мектебін тәмамдап, өз ауылында «Өрнек» бөлімшесінде еңбек етті. Екі жыл еңбек еткен соң Алматы Зооветинститутының зоотехния факультетіне оқуға түседі. Оқуға түскен соң Семей Зоотехникалық-мал дәрігерлік институтына ауыстырылады. Студент атанып елге келгенде совхоз дирекциясы арнайы жолдама береді. Оралғаннан кейін бірден совхоздың бас маманы болып жіберіледі, сонда партия қатарына қабылданды. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі бар саналы ғұмыры мал шаруашылығымен байланысты болды.

Әр жылдары Қарсақбай кеңшарында бас зоотехник, кеңшар партия комитетінің хатшысы, аудандық партком нұқсаушысы, бөлім меңгерушісі, Сәтбаев совхозының директоры сынды басшылық қызметтер атқарды. Совхоз директоры болып жүргенде ондағы №3 ферманың «ақ жүнді» екі бас тұсақ қойы жылға жуық Мәскеудегі Бүкіл Одақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қойылды.

Ж. Қасымбеков кейін ауданда бір жылға жуық ауыл шаруашылығы басқармасында, 1988 жылы Жезді аудандық агроөнеркәсіптік бірлестігі басшысының орынбасары, 1990 жылы Халық депутаттары аудандық советінің тексеру комиссиясының төрағасы, 1992 жылы Халық депутаттары аудандық кеңесінің іс басқарушысы қызметтерін атқарады. Аудандық кеңес төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарып жүргенде аудан Ұлытауға қосылады.

2009 жылы зейнетке шыққанға дейін еңбектен қол үзбеген Жұмаділда Қасымбеков аймақтың қоғамдық-саяси өміріне де белсенді араласып, жергілікті баспасөзде өмірден көрген, түйгені туралы ой-толғамдарын жариялап тұрды. «Сарыарқа саңлағы» кітабына «Әке бақыты», «Ғибратты ғұмыр» кітабына «Мәкеннің мектебін көрдік», «Бекзат ғұмыр» кітабына Денсаулық сақтау ісінің үздігі Ә.Досанов туралы мақалалары енді.

Елеулі еңбегімен еленген, артына өшпес із қалдырған Жұмаділда атамыз былтыр дүние салды.

Музейдегі іс-шара Жұмаділда Қасымбекұлының жүріп өткен өмір жолына арналған бейнеслайд көрсетуден басталды.

Іс-шарада Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Қайрат Бапанов, Қарағанды облысының Құрметті азаматы, «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров, Жұмаділда Қасымбекұлының замандастары, еңбек ардагерлері – Қадір Үңгітбаев, Әбдіраш Қолбатыров, Өтеш Ахметов, Тұрсымұрат Алибеков, құдасы, Жезқазған қаласының сот жүйесіне еңбегі сіңген ардагер Жұбаныш Масенов, құдалары Кәден Шотанов пен Жақыпбек Омаров, немере інісі Қойшыбай Мурзатов, аяулы жары Разимаш Биниязова мен балалары сөз сөйледі.

Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі Қайрат Әбеуов «Ғазиз» деген әнін орындады.

Көрменің лента қию рәсімін «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров, көрме кейіпкері Жұмаділда Қасымбекұлының жары Разимаш апай, ұлы Жасұлан Жұмаділдаұлы жасады.

Жобаны ұйымдастыру барысында музей қызметкерлері көрме кейіпкерінің өмірі мен еңбегі туралы отбасылық архивтен, Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінен материалдар жинақтап, көптеген жұмыстар жүргізді. Экспозициялық материалдар кейіпкердің өмір жолын баяндайтын стендтерде орналасты. Стендтер қанатты сөздер мен өмірлік ұстанымдармен толықтырылды.

Көрменің ашылуына көрме кейіпкерінің ұрпақтары, туған-туыстары, замандастары, БАҚ өкілдері мен музей қызметкерлері қатысты.

Жезқазған қаласындағы Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің наиб-имамы Қайрат Сыздықов көрме кейіпкерінің рухына арнап, құран бағыштады.

Іс-шара соңында музей басшысы Раушан Қапарова сөз сөйлеп, Жұмаділда Қасымбекұлының отбасына естелік сыйлықтар табыс етті.

**Еркебұлан ҚАМАЛИЕВ,**
**Жезқазған тарихи-археологиялық музейдің аға ғылыми қызметкері**






## МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ



***«Тәрбие – тал бесіктен» деген қағиданы қатаң ұстанған халқымыз перзентін өмірінің мәніне балап, саналы ұрпақ тәрбиелеуді басты мақсаты еткен. Дегенмен, замандар көші алға озып, уақыт керуені тоқтаусыз жүйткіген сайын жалпы адамзаттың, соның ішінде баланың да таңдау, талғамы өзгеріп, оған қойылар талап та күрделене һәм түрлене түсуде. Бүгінгі күнімізді ғаламторсыз елестету әсте мүмкін емес. Осы тұста ғаламтордың пайдасы мен зияны, әсіресе, оның бала өміріне тигізер әсері туралы тұщымды ойларымен бөлісіп жүрген жерлестерімізідің бірі – Мархабат АЙМАҒАМБЕТОВА.***

# БАЛАЛАРДЫ ҒАЛАМТОРДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

***– Мархабат Өміржанқызы, сізді жеке кәсіпкер ретінде танимыз. Өткенде «Nur Otan» партиясы ұйымдастырған праймериз алаңынан да көзге түстіңіз. Ол жерде көтерген негізгі мәселеңіз балаларға арналған ғаламтор контенті және олардан қорғану жайында болды. Сайлауалды бағдарламаңызға негіз етіп дәл осы мәселені таңдауыңызға не себеп болды?***

– Жалпы бұл мәселе туралы сөз қозғалғанда менде басты орынға ана көңіліндегі алаң басымырақ болған шығар. Праймеризге қайтсем де депутат болам деген ниетпен барғаным жоқ. Өздеріңіз білесіздер бұған дейін де, сол праймериз барысында үміткерлер қоғам арасында түйткілді түрлі мәселелерді көтерді. Ел, жер, тіл мәселесі, тұрғындардың әл-ауқаты, қала жағдайы, ауыл тұрмысы сынды тақырыптар әрдайым айтылып жүр. Әлі де айтыла береріне күмән жоқ. Дегенмен, бала мен оның балалық шағы, ата-анасы жұмыстан бас көтермей жүргендегі оның халі, ол қандай тәрбиемен сусындап жатқаны көпті алаңдата бермейді.

Былтыр коронавирус індеті дендеген шақта IV тоқсанда оқушылар аяқ астынан қашықтан білім алу форматына көшті. Шалғай аймақтардағы ғаламтор жоқтығы, оның оқу үдерісіне кедергі келтіргені бөлек әңгіме. Менің айтпағым, бұдан сәл басқа арнада. Ұялыға таңылған уақытта көп ата-аналардың басым бөлігі балаларының білім алуы үшін өз телефондарына сабаққа қатысты платформаларды жүктеп, баланың қолына берді немесе өзге телефонға да өз аккаунттарын тіркеді. Былай қарасақ, айтарлықтай даурығатын мәселе еместей көрінеді. Дегенмен, біз бір нәрсені ұмыттық, тіпті мұны білмеуіміз де мүмкін. Гугл алгоритмі сол аккаунт тіркелген адамның жасына қарай ақпараттармен қамтамасыз етеді. Мысалы, бала ғаламтор желісін пайдаланғанда Google көбіне оның ата-анасының аккаунтына сай дереккөздерімен қамтамасыз етеді. Яғни, 10 жасар балаға 38 жастағы адамға қажет ақпараттар мен жаңалықтарды жолдайды. Осы тұста оң-солын ажыратып, ақ-қараны танымайтын бала өзіне қажетсіз бір ақпараттан келесіге өтіп, миы улана береді. Ол жерде түрлі діни-экстремистік, зорлық-зомбылық, өз жасына сай емес ұятты материалдар болуы да мүмкін. Ал оны қадағалап жатқан ата-ана жоқ. Жұмыстан бас көтере алмай жүрген ата-анаға баласының тыныш қана ұялы телефонды шұқылап отырғаны жөнірек көрінеді, бірақ олай бей-жай қарап отыруға мүлде болмайды. Бұл бала өміріне, оның болашағына және ата-ана мен ел тағдырына тікелей қатысты, жүрдім-бардым қарайтын дүние емес.

***– Балаларды ғаламтордың жағымсыз және керексіз контентінен қорғау мақсатында сіз өзіңіз қандай кеңес берер едіңіз?***

– Мен екі баланың анасымын. Үлкенім 12-де, 7-сыныпта оқиды. Шынымды айтайын, «WatsApp» мессенджерінен бөлек ешқандай әлеуметік желіде тіркелмеген. Балаларымның ұялы телефондарында тек мектепте сабақ оқитын платформалар, ғаламтор және Youtube бар. Мен оларға өз аттарынан Google аккаунтын ашып бердім. Google ұлдарыма олардың нақты жастарына сәйкес тек өз жастарына қажетті ғана материалдарды тауып береді. Youtube қосымшасы да біздікінен бөлек. Яғни, балаларға арналған ютуб бағдарламасы ғана бар. Оның өзінде бұл бағдарламаларды қолдану уақыты белгеленген. Қазір ата-аналардың көбі балаларына сөздерін өткізе алмайды. «Телефонды таста, ойындар ойнама» деп бір айтады, екі айтады. Оны тыңдап жатқан жоқ. Ақыр аяғында соңы дауға ұласады. Шындығында олай ашуға ерік беріп, жүйкеңді тоздырудың қажеті жоқ. Оның амалы бар. Қандай дейсіз ғой. «Google Play» немесе «AppStory»-дан «Family link» болмаса «Родительский контроль» деп іздесеңіз, ата-анаға қажетті бағдарламалар шығады. Соны жүктеп аласыз да, өзіңіз бен балаңыз жөніндегі мағлұматтарды тіркеп, екі телефон ақпараттарын сәйкестендірсеңіз болды. Бұдан былай жүйке жұқартар айқай-шудың қажеті болмайды. Аталған бағдарлама арқылы сіз балаңыздың телефонындағы барлық іс-әрекетті бақылауға аласыз. Яғни, сіз ғаламтор мен өзге плаптформаларды, бағдарламалар мен ойындарды қолдану уақытын өзіңіз белгілейсіз. Мысалы мен ұлдарыма күніне 1 сағат ғаламторға және Youtube-қа уақыт беріп қойдым. Бұл уақыт шегіне жеткеннен кейін олар қанша тырысса да ғаламторға кіре алмайды. Сондай-ақ, олардың телефондарында ойын жүктеуге рұқсат жоқ. Қанша жерден тырыссаң да ойын жүктелмейді, тек телефонның өзінің негізгі функциялары жұмыс істейді. Жалпы кез келген әлеуметтік желіге 13 жастан бастап қана тіркелуге болады. Менің балаларым әлі ешқандай әлеуметтік желіге тіркелмеген. Кейде олар маған сыныбында тек өздерінде ғана осындай шектеулер барын айтып, реніштерін білдіріп жатады. Мен оларға уақыты келгенде барлығына рұқсат ететінімді, әзірге мұның олардың қамы үшін жасалып жатқанын түсіндіремін.

***– Иә, бүгінгі таңда балалардың санасын улап жатқан бірден-бір күш – әлеуметтік желілер мен ойындар. Байқаусызда осылардың құрығына түсіп, шыңырауына батып кетіп жатқандар да аз емес. Сондай жағдайларға жол бермеу үшін ата-аналарға қандай кеңес берер едіңіз.***

– Жуырда психотерапевт Альберто Пеллайдың «Сексвоспитание подростков в эпоху интернета» атты кітабын оқыдым. Менталитетімізге келмейтін осы сөзді естісек тіксініп қалатынымыз рас. Бала тәрбиесінде ол туралы көп сөз қозғағымыз келмейді. Десе де, оның соңы түрлі ушыққан жайттарға әкеліп жатыр. «Ауруын жасырған өледінің» кері бүгінгі қазақ қоғамында өте көп. Кітап авторы да 4 баланың әкесі. Сонда ол «Ғаламтор деген орман сияқты. Түрлі жыртқыш аңдар жортқан, қоршауы жоқ орман ішіне біз балаларыымызды тастап кетеміз. Ал ол жерде оны жемтігіне айналдырғысы келетін қаншама жыртқыш жүр» дей келе, мынадай мысал келтіреді. АҚШ-та қарапайым отбасының кішкентай қыздары болады. Оқуда озат болып жүрген оған ата-аналары ғаламтор мен ондағы түрлі әлеуметтік желелерді қолдануға тыйым салмайды. Әлгі оқушы бір күні «Facebook» әлеуметтік желісіне тіркеледі. Ол жерде өзі туралы барлық мағлұматтарын жазып қояды. Соның ішінде сүйікті әншісі Джастин Бэйбер екенін де көрсетеді. Күндердің күнінде оған бір ересек кісі танысқысы келетінін жазып хабарлама қалдырады. Ол сондай-ақ, өзінің Джастин Бэйбердің продюсері екенін айтады. Осылайша жай хабарлама алысып жүрген әлгі оқушы қыз уақыт өте мүлде тұйықталып кетеді. Оның себебін білгісі келген ата-анасы дереу оның себебін іздестіре бастайды. Сөйтсе, әлгіндегі таныстық былай өрбіген екен. Бір күні қызға продюсер оның сүйікті әншісінің бассейінде суға түсіп жүрген фотосын жібереді. Еш жерде жоқ бұл фотоны алған оқушы қыз қуанып қалады, бірақ әлгі продюсер оған Джастин сияқты шешініп, видеоконференцияға шығуын сұрайды. Алғашында тіксініп қалған оқушы қызды алдап-сұрап біраз үгіттеген ол дегенін орындатады. Келесі күні қыз мектепке барса, оның жақын құрбысы қыздың ашық-шашық тұрған фотосы телефонына хабарлама болып келгенін айтып, оның себебін сұрайды. Ол әлгі видеоконференция бойынша істелген скриншот екен. Осылай айтқанын істемесе фотосын барлық мектепке жария қылатынын айтқан әлгі ересек еркек қызды қорқытып, күн сайын оған әдепсіз тапсырмалар береді. Соның салдарынан қыз ешкіммен араласпай, өз-өзінен ауыр депрессияға түседі. Кейіннен қыздың ата-анасы оның құрбысымен сөйлесіп, мән-жайдың анық-қанығын анықтайды, хабарлама келген телефонның IP мекенжайы арқылы әлгі арамниеттіні полиция тұтқынға алады. Бұл – бір ғана мысал. Қазір мұндай жағдайлар өте көп. Жаңалықтардан қарап отырсақ, Қазақстаннан суицидттен, педофилиядан алғашқы орындарда дегенді естіп, төбе шашымыз тік тұрады. Осындайда балаларымыз үшін алаңымыз тіптен арта түседі.

Тағы бір айтпағым, қазақ халқының басынан небір қиын жағдайлар өтті ғой. Қай қанды қасіретті алсақ та қазақ жігіттерінің қаны судай шашылды. Бәлкім содан болар, қазіргі қазақ қоғамынан жігерлі ер-азаматтар азайып бара жатқандай көрінеді. Еркектің рөлі, әсіресе, отбасында анық сезіледі ғой. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бар ауыртпашылықты әйелдер өз мойындарына алды ғой. Сол кезеңнен әлі өтпей келе жатқандаймыз. Ер бала болсын, қыз бала болсын әке тәрбиесі аса қажет. Бала әкенің қабағынан жасқанып отыруы керек. Қайткен күнде де қайратты әкеден қайсар, жасық әкеден ез бала тәрбиеленіп шығатынын естен шығармағанымыз абзал.

***– Әсерлі әңгімеңізге рақмет. Ісіңіз алға баса берсін!***

**Әңгімелескен**
**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**